

28.01.2022 ж. № 000033

Ақ қала

ҚУДАЙБЕРГЕНОВА ОРЫНГУЛ КУРАЛБАЙҚЫЗЫ

Алматы облыс Қарасай аудан жібек жол Көлаңа ауылы
ЖШС "Алтын Ел-балапан" балабақшасының тәрбиешісі

Білім саласы: Таным

Білім бөлімі: Құрастыру

Тақырыбы: Ақ қала


Мақсаты: Білімділігі: Аққаланы құрастыруға, оны жабыстыруға үйрену.

Дамытушылығы: Балалардың қыз мезгілі туралы оның ерекшеліктерін бекіте отырып, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, арттыру.

Тәрбиелігі: Әдептілікке, тазалыққа, ұқыптылыққа, шапшаңдылыққа тәрбиелеу.

Жаңа сөздер: қауырсын, Айдары.

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Ынталандыру Шаттық шеңбері Сөйлеу ережесі. Ұйымдастырылған ашық оқу – қызметі. 	Аспанда көк аспан, Күн де тұр жарқыраған. Қайырлытаң жер Ана Қайырлы таң балапан. Біз ақылды баламыз, Айтқан тілді аламыз. Дыбыстарды анықтап, Дұрыс сөйлей аламыз. Құрастыру. Аққала - Қазір жылдың қай мезгілі? - Қыс мезгілінде неше ай бар? - Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? - Қыста не жауады? - Қар мен не жасаймыз? - Қардың түсі қандай? - Аққаланың пішіні қандай,	Қимылмен қайталайды. Балалар қимылмен айтады. Қыс Үш ай Суық, қар, жел Қар Аққала Ақ, домалақ, шеңбер Сұраққа жауап бере отырып, аққала құрастыру.

	 - Қа – қа – қа әппақ аққала - - ар – ар-ар үлпілдек қар - Қардың дыбысы қандай - Ғырт – ғырт - ғырт	
Сергіту сәті Ойын Ойынның мақсаты	Музыка ырғағымен билеу. «Жоғалған затты тап». Қар, шырша, қолғап, шана, шырша, тон. Бір мұғалім стол үстіндегі суреттерді жасырып қояды. Сол заттарды балалар табу керек. Балалардың есте сақтау қабілетін арттыру, сөздік қорын дамыту, сұраққа толық, анық жауап бере отырып, асықпай сөйлеуін қадағалау.	Балалар қайталайды Балалар біртіндеп шығып орындайды
Қорыту  Бағалау	- Балалар сендерге бүгінгі сабағымыз ұнады ма? - Не құрастырдық? - Аққаланы түсі қандай?? - Пішіні ше? - Сендерге ұнады ма? - Мұрнын немен жасадық? - Сәбіз қатты ма? - Жарайсындар балалар. Бүгін сендер сабаққа жақсы қатыстындар	Ия Аққала Ақ Шеңбер, домалақ Ия, сәбіз қатты

28.01.2022 ж. № 000032

Жыл құстары. Қыстап қалған құстар.

ШАМУРАТОВА АҚМАРАЛ ҚАЙРҒАЛИҚЫЗЫ

Алматы облыс Қарасай аудан жібек жол Көлаще ауылы

ЖШС "Алтын Ел-балапан" балабақшасының тәрбиешісі

Білім саласы : Қатынас

Білім бөлімі: Көркем әдебиет

Мақсаты: Балалардың жыл құстары туралы білімдерін толықтыру, олардың сыртқы бейнесі, тіршілігі, қоректенуі туралы білімдерін толтыру. Құстар туралы көркем сөздерді пайдалана отырып сөздік қорын молайту. Ойын арқылы баланың есте сақтау қабілетін дамыту, табиғатты сүйуге, құстарды қорғауға, құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілдері: Сұрақ – жауап, түсіндіру, көрсету.

Көрнекілігі: Суреттер, математикалық пішіндер, текше

Іс- әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті.
Бінталандыру Шаттық шеңбері Сұрақ – жауап 	Шаттық шеңбер Қуанамын мен де, Қуанасың сен де. Қуанайық бәріміз, Арайланып атқан күнге - Көңіл – күйіміз қалай? - Бір жылда неше мезгіл бар? - Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз мезгілін айтайықшы. - Күз мезгіліндегі ерекшеліктерді білесіңдер ме? - Біз қай Республикада тұрамыз? - Қай қалада тұрамыз? - Біздің елбасымыз кім? - Бір аптада неше күн бар? - Атандаршы	Балалар шаттық шеңберге тұрады. Тақпақты айтады. Керемет Тамаша Балалар сұрақтарға толық жауап береді

Ұйымдастырылған ашық оқу – қызметі.  	- Жарайсыңдар, балалар - Балалар, бүгін біз оқу қызметімізді бастаймыз. Тақырыбымыз «Жыл құстары». Суреттерді көрсетет отырып жыл құстарына түсінік береміз. Балалар жыл құстарына қарға, шымшық, қараторғай, сауысқан, тоқылдақ. Балалар құстардың бізге пайдасы өте көп. Құстардың барлығы жем тауып жеуге бейімделген. Неге осы құстар жылы жаққа қайтпай қыстап қалады, өйткені бұлар суыққа төзімді. - Балалар құстар бізге керек пе? - Дұрыс айтасыңдар, құстар болмаса біздің өмір сүруіміз қиындар еді. Құстар бау – бақшадағы, ормандағы зиянды жәндіктермен күреседі. Құстар құрт – құмырсқалармен қоректенеді, ағаштардың жайқалып өсуіне қамқорлық жасайды.	Балалар мұқият тыңдайды. Ия
Таңқалдыру сәті Тіл ширату	Балалар жыл құстары суыққа өте төзімді болады - Түсінікті ме? - Балалар қараңдаршы бізге қоян келіпті, оның қолында хаты бар екен. Хатта не жазғанын білгілерің келе ме? - Онда былай деп жазылыпты: «Биыл қыс өте қатты боранды болады. Құстарға жем табу өте қиын болғалы тұр. Оларға қамқорлық жасасаңдар өте дұрыс болар еді» - Ой, рахмет. Қоян сен бізге сенім артқаныңа. Қоян бізге осындай хабарды жеткізгенің үшін қоянға сәбіз берейік. - Қоян нені жақсы көреді?	Балалар таңырқап қарайды Ия Сәбіз Қатты

Сергіту сәті Дидактикалық ойын	- Сәбіз қатты ма жұмсақ па? - Сәбізді қалай жейміз? - Сәбіздің түсі қандай? - Балалар сендерге көп рахмет. Мен сәбізімді алып қайтайын. - Балалар құстарға ұя жасап, жем шашайық. - Олай болса менің қолымдағы пішіндермен ұя жасайық. Құстарға қамқор болайық!  Тақпақ айту. Нан қиқымын шашпаймыз, Жерде жатса баспаймыз. Теріп алып қастерлеп, Торғайларға тастаймыз.  Сергіту сәтін жасаймыз. Қимыл қозғалыспен (музыка) Балалар сергіп қалдық па, жарайсыңдар. - Балалар мен сендердің білімдеріңді тексере отырып «Текше» ойынын ойнатқым келіп тұр. Мұнда құстардың суретітүскен құсқа толық мағлұмат беру.	Қырт – қырт Қызыл Қоянмен қоштасады Пішіндерме н ұя жасайды. Тақпақты толық айтады. Нан береді Қимыл қозғалыс жасайды. Балалар ойынға белсене қатысады
--	--	---

Қорыту	- Балалар бүгінгі оқу қызметі жыл құстары сендерге ұнады ма? - Жарайсыңдар. - Балалар сендердің белсене қаиыскандарың, сұраққа толық жауап бергендерің маған қатты ұнады. - Олай болса қонақтармен қоштасайықшы.	Ия
Бағалау	Мақтау, мадақтау. Балаларға сыйлық беру.	өте қатты ұнады Балалар мәз болады Балалар қуанады
	Тәрбиеші: жылы ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа Бәріңізге рахмет, сау болыңыздар	Балалар қол бұлғайды.

Нені білу керек: Дұрыс сөйлеу мәнерін, сөздерді байланыстырып сөйлеуді.
Балалардың құстардың атауын, пайдасын, оларды күтіп баптауды.

Нені игереді: Дидактикалық ойын арқылы жыл құстарын игерді.

Нені біледі: Пішін құрастыру әдісін

28.01.2022 ж. № 000035

Қозғалмалы ойындар мен эстафеталар

АМАНКУСОВ НУРСУЛТАН МУХТАРҰЛЫ

Алматы облыс Қарасай аудан Жібек жолы округ Көлаще ауылы

«Бауыржан Момышұлы атындағы орта мектеп» КММ.




Дене шынықтыру мұғалімі


Қысқа мерзімді (сабақ) жоспары <u>Футбол. Қозғалмалы ойындар мен эстафеталар.</u> (сабақтың тақырыбы)				
Бөлім: Командалық спорттық ойындар.				
Педагогтің Т.А.Ә. (болған жағдайда)				
Сынып:				
Сабақтың тақырыбы: Футбол. Қозғалмалы ойындар мен эстафеталар				
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары				
6.3.2.1 Футбол добымен өткізілетін қарапайым ойындар мен эстафеталар; ептілік, иілгіштік, жылдамдық сапаларын дамытуға арналған қозғалмалы ойындар мен эстафеталар, доппен қозғалу, бағытты өзгертіп жүгіру ойындары. Доппен және допсыз орындалатын жалпы дамыту жаттығуларының кешені.				
Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін, жылдамдықты, ептілікті, иілгіштікті, қимыл қозғалыс және пас беру дәлдігін дамытуға арналған, доппен және допсыз орындалатын жаттығулар кешені.				
Сабақтың мақсаты: Оқушыларға доппен орындалатын қозғалмалы ойындардың техникасымен ережелерін үйрету. Оқушылардың дене шынықтырулық қабілеттерін және шапшаңдық, төзімділік, ептілік дағдыларын қалыптастыру, дамыту.				
Ұйымшылдыққа, төзімділікке, батылдыққа және салауатты өмір салтына тәрбиелеу.				
Сабақ кезендері :	Педагогтің іс-әрекет	Оқушының іс-әрекет	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы: 5-10 мин	Сәлеметсіздер ме! Здравствуйте! Good afternoon! Қолайлы орта	Оқушыларды сапқа тұрғызу. Рапорт қабылдау. Сәлемдесу. Оқушылар шеңбер құрып,		Спорт алаңы Сынып журналы

	қалыптастыру. Жабдықтау сұрақтары арқылы тақырыпқа шығу. Оқушыларды түгендеу, сабақтың мақсатын түсіндіру. Саптық жаттығуларды орындау. «Түзел!» «Тік тұр!» т.б.	кезекпен әр тілде амандасады. Оқушылар жүрек соғысын көтеру үшін, жалпы жарақаттардан сақтандыру үшін қыздырыну жаттығуларын жасайды. Шеңбер құрып айнала жүгіру жаттығуларын орындау, тыныс алу жаттығуларын орындату Жалпы дамыту жаттығулары  Бір орында орындалатын жаттығулар: Бас мойынға жаттығулар. Оңға, солға айналдыру. Иық, қолға жаттығулар. Қол иықта алға екі рет айналдыр. Қолдың шынтақ буынның ішке, сыртқа айналдыру, білек буынын айналдыру, қолды қайшылау. Белге жаттығулар: белді алға, артқа айналдыру, белді оңға, солға ию, бір қол жоғары, бір қол белде,	Сақтандыру жаттығуы Жалпы ереже Ысқырық Уақыт өлшегіш
--	---	---	---

		қолды еңкейе оң аяққа, ортаға, сол аяққа тигізу. Тізе, аяқ буын жаттығулары. Қол алда, оң аяққа отыру, сол аяққа отыру. Тізе буынын және тобық буынын ішке, сыртқа айналдыру, оң, сол және екі аяқпен секіру. Бір қатарға сапқа тұру. Екі қол, иықты алға 2 рет, артқа 2 рет. Жалпы жаттығулар: 1.10 рет отырып тұру. 2.Екі қолды белге қойып, белді оңға 2 рет, солға 2 рет айналдыру. 3.Екі қолды алдыға созып қайшылау 4.Аяқты алға, артқа созу.		
	Топқа бөлу	Спорттық құралдар арқылы топқа бөлу. Оқушылар таңдаған ойыншықтарына сай топтарға бөлініп отырады.		
Сабақтың ортасы:	«Шеңбер эстафетасы» ойыны. Ойынның ережесі Ойнаушылар екі командаға бөлінеді. Жүгіру жолы 40-50 метрден бірнеше бөлікке бөлінеді.	1. «Акробатика» Ойын шарты: «Әр команда мүшелері гимнастикалық орындықтан секіріп өтіп, аунап түседі және жүгіріп келеді. 2.«Кім жылдам» Ойын шарты: 1 - допты секіртіп апарып, жүгіріп келу; 2 - аяқ арасына допты		Кең, таза кеңістіктер әрбір әрекет үшін. Ысқырық, секундомер мұғалім үшін. Футбол, баскетбол,

	Әрбір бөлікке әр команда өз ойыншыларын қояды. Бірінші нөмірлі ойыншылар белгі бойынша сөреден жүгіріп шығып, екінші бөлікке жетіп, өз командаласының ойыншысына таяқшаны береді. Ал ол эстафетаны үшінші бөліктегі өз ойыншысына жеткізеді. Жүгіруді бірінші аяқтаған команда жеңіске жетеді. Тапсырманың дескриптерлері: - қауіпсіздік техникасын сақтайды; - ойын кеңістігінде бағдар жасай алады; - мұғалімнің командаларын мұқият тыңдайды	қыстырып, секіріп барып, жүгіріп келу; 3 - скалкамен секіру, жүгіріп келу; 4- қос аяқпен секіріп келу Қозғалмалы ойын «Сызықтан тартып өткізу» ойынның ойнау әдіс - тәсілдерін, жүргізушінің іс - әрекетін айтып, көрсетіп түсіндіру. Техника қауіпсіздік ережесін айтып ескерту. Ойынның шарты: Алаңның ортасын бөле сызық сызылады. Оның сол жағынан және оң жағынан - 2 - 3 м қашық жерден соған параллель етіп тағы екі сызық сызылады. Ойыншылар екі командаға бөлінеді де, орталық сызықтың екі жағына бір - біріне қарама - қарсы сапқа тұрады. Қарама - қарсы тұрған бәсекелестер бір - бірінің оң қолдарынан ұстайды да(білектерінен), сол қолдарын артына ұстайды. Жетекшінің белгісі бойынша әрқайсысы қарсыласын өзіне қарай тартып, өзінің артындағы		волейбол доптары, шар, арқан.
--	--	--	--	--

		сызықтан өткізуге тырысады. Ойыншылар түгелдей бір - бірін тартып шығарғанша ойын жалғаса береді. Ойыншыларды өз жағына неғұрлым көбірек тартып шығарған команда жеңеді..		
	Бөлімде футбол ойыны оны ойнау ережесі, тарихы ойын амалдарымен осы ойынға бағытталған қимыл ойындарын оқып үйренудің жолдары жоспарланған. <u>Төменгі сыныптарда үйретілген ойын амалдарын жетілдіру Тапсырма</u> Жеке-жеке доппен жаттығыңыз. Әр қайсыңыз жеке доппен жұмыс жасау барысында, допты дәлдікке тебу, допты түзу қақпаға тебу, белгіден көтеріп тебу	1.Қозғалу амалдары(техникасы) -Допты аяқпен соғу; -Допты тоқтату; -Допты алып жүру; -Допты беру; -Дене бітімінің даярлығы; № 1 сурет №2 сурет    "Бекіністі қорғау" <u>Міндеті:</u> Допты табанның ішкі жағымен беруді үйрету. "Бекіністі шабуылдау" <u>Міндеті:</u> Допты табанның ішкі жағымен беруді үйрету. (Дриблинг)жасау		Ойын алаңы Ойын торы Ысқырық Уақыт өлшегіш Ойын добы

	жұмыстарын орындаңыз. <u>Ойынға негізделген қимыл-қозғалыс ойыны</u>	"Допты тартып ал" Екі жақты ойын 2x2 <u>Міндеті:</u> Допты қарсыласынан алып қою "Екі жақты ойын"		
Сергіту сәті	«Халықтар» биі (Қара жорға)			
Сабақтың соңы: 5 мин	- Қатарға тұру, жеңіл жүрістер, тыныс алуды қалыптастыру -Қысқаша рефлексия ұйымдастыру -Оқушылармен қоштасу		Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау	

28.01.2022 ж. № 000036

Қоршаған ортаның бала тілін дамытудағы рөлі

ЕШҚУАТОВА АЙНУРА ОНГАЛБАЕВНА

Алматы облыс Қарасай аудан жібек жол Көлаще ауылы


ЖШС"Алтын Ел-балапан" балабақшасының тәрбиешісі

Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс-тәсілмен берілетін тәлім-тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, мектепте жан-жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Біздің қоғамымызда тәрбиелік мәні, дүние танымдық орны жоғары бағаланады. Мектепке дейінгі тәрбие үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы. Бүгінде мектепке дейінгі мекемелердің мазмұнын жаңарту, басқаруды жетілдіру, балабақшалар желісін сақтау тұрғысынан біршама игі істер жүргізілуде. Балалар бақшасында тәрбие бағдарламасының ең ауқымды бөлімі балаларға айналадағы өмірді, түрлі заттар мен құбылыстарды бақылатуға арналған. Өйткені сәби тұңғыш білім-дағдыларын өмірден алады. Айналасындағы адамдарды іс-әрекетін, табиғат пен жан-жануарлар дүниесін қоғамдық өмірді бақылап көру, сезініп түсіну арқылы ой-өрісі кеңейіп, тілі дамиды лексикалық қоры молаяды. Осының нәтижесінде ол басқалармен сөздік қарым-қатынас жасайды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында, балалардың тілі дамиды: олар заттарды танып, қасиеттерін және атауларын біледі, өз пікірлерін айтуға, сұрақ қоюға, сұрақтарға жауап беруге, көргендерін айтып беруге үйренеді. Әрбір затты танып білуге кезінде балаларға сұрақтар қойып, әңгімелету арқылы сөздік қоры дами түседі. Ұйымдастыру оқу іс-әрекеті процесінде дидактикалық ойындар, жаттығулар, балалармен қарым-қатынас жасау арқылы педагог балалардың тілін дамыта отырып, заттар туралы нақты білім беріп, сөздік қорын молайтуға ден қояды. Қоршаған ортамен таныстыру барысында бақылау жасаудан, мақсатты серуен және топтық саяхаттан алған әсерлерін, білімдерін нақтылау мақсатында әңгіме құру жұмысы кең көлемде жүргізіліп отырулы тиіс.

«Не өзгерді?»

Мақсаты:Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.

Көнекіліктер:Жеміс пен көкөністің мұляжы.



Ойын барысы:Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір-екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада жеміс пен көкөністіңарасынанбіреуін алып жасырып қояды. Көзін ашқан балалардан не өзгергенін сұрайды. Ойын осылай жалғасады, барлық балалармен бірге ойналады...

«Жыл мезгілдері»

Мақсаты:Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету (қыс,көктем,жаз,күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.

Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.



Ойын барысы:Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен тұрады,әр бөлікке сәйкес мезгілдердің ерекшелік карточкасы бар.

Балалар жыл мезгілдерінің өзгерістері карточкасын алып сәйкес келетін мезгілдерге қойып шығады.(мысалы:қыс мезгіліне қар,шырша,аққала т.б.)

«Зоологиялық фриздер»

Мақсаты: Балаларды антоним сөздері туралы түсініктерін қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап салыстырып талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдар мен үй жануарлары құстардың дене бітіміне қарап зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: жабайы аңдар мен үй жануарлары

Ойын барысы:Зообаққа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торлауға орналастыру қажет. Балалар пілді, түйені үлкен торға, қоян,тиін кіші торға орналастыруы қажет. Бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен,қоян кіші сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастыр.



«Заттық фриздер»

Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау арқылы балалардың сезімталдығын дамыту, қоршаған орта жайлы танымдарын кеңейту, сөздік қорын дамыту.

Көрнекіліктер: ыдыс, суреттер (көкөністер мен жемістер) муляж, қоржын.

Ойыншарты: Әр түрлі жемістер немесе көкөністер суретті муляждары салынған ыдыстан бір затты алады. Сонан соң сол затты жан-жақты сипаттайды және заттың атын атап, түр-түсін ажыратады.




Бала ыдыстан немесе қоржыннан алманы алып пішінін, түсін, дәмін және қасиеттерін айтады. Көзін байлап қойып, қоржыннан бір затты алғызады. Ол оны сипалап, не екенін ажыратады да сипаттайды, атын айтады.

«Не қайда өседі?»

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Көрнекіліктер: бақ пен бақшаның, жеміс пен көкөністердің суреті.

Ойын шарты: бақ пен бақша салынған.



«Үй жануарлары мен жабай жануарларды ата»

Мақсаты: Үй жануарлары мен жабайы жануарлар туралы білімдерін бекіту. Тез ойлау қабілетін, зейінің тәрбиелеу, белсенділігін артыру.

Көрнекіліктер: орманның суреттері салынған үлкен картаның астындағы бос тор көздер, тиісті жануарлар.



Ойынның барысы: ойыншылар екі топқа бөлініп, әртүрлі табиғат көрінісі салынған бір-бір үлкен картадан алады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар жануарлар бейнеленген үлестірмелі карточкаларды үлкен картадағы салынған сурет мазмұнына қарай бос тор көздерге орналастырады. Кім бос тор көздерді толтырып, жануарларды дұрыс


атаса, сол жеңіске жетеді.

Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: жануарларды ұқсас белгілеріне қарай табу, олардың мекен-жайын анықтау. Сөздік қорын молайту.

Көрнекілік: әр түрлі жануарлар, құстар суреті

ойын барысы: әр түрлі жануарлар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретінін сұралады. Оларды немен қоректенетінін айтқызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер еңгізу үшін тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы білетін тақпақтарын сұрайды.



28.01.2022 ж. № 000037

Климат түзуші факторлар

КУРМАНТАЕВА МЕРУЕРТ РЫСБЕКОВНА



Шымкент қаласы № 46 мектеп-лицейінің

тарих және география пәнінің мұғалімі

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Физикалық география Бөлімше: Атмосфера Мектеп: Мұғалімнің аты-жөні: Күні: Сынып: 8	
Қатысқандар: Қатыспағандар:	
Сабақтың тақырыбы	Климат түзуші факторлар
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сәйкес)	8.3.2.1 – Климатын түзуші факторларды талдайды;
Сабақтың мақсаты	- Климат түзуші факторларды ажыратып сипаттау; - Климат түзуші факторлардың жер бетіне әсерін анықтап, талдау. - Климат қалыптастырушы факторлардың жер бедерін қалыптастырудағы маңызын талдау
Бағалау критерийі	- Климат түзуші факторларды ажыратады; - Климат қалыптастырушы факторларды анықтап, талдайды
Тілдік мақсаттар	Тақырыпқа байланысты: Оқулықтағы «Климат түзуші факторлар» мәтінін оқып, талдайды, бір-бірінің пікірлерін тыңдайды Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Климат, альбе́до, шашыранды, тура, жиынтық радиация, атмосфера циркуляциясы; Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер: Климат дегеніміз Климат түзуші факторлар: Күн радиациясы мен альбедоның

	айырмашылығы..... Атмосфералық фронттар дегеніміз.....
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» идеясының құндылықтары (Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы), Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек пен шығармашылық, ашықтық және өмір бойы оқып-үйрену;
Пәнаралық байланыс	Информатика Физика
Алдыңғы білім	Климат құрушы факторлар, 7 сынып (7.3.2.4)

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Дереккөздер, ресурстар
Сабақтың басы (2 мин)	Ұйымдастыру бөлімі Оқушыларды түгелдеп, зейіндерін сабаққа аудару Психологиялық ахуал қалыптастыру /Сынып старостасына сыныпқа сабаққа сәттілік тілеу үшін сөз беру/ Тақырыпқа қатысты терминдердің құрастыру арқылы топтастыру /мозайка құрастыру / « Циркуляция», «Радиация», «Альбедо» I топ Циркуляция II топ Радиация III топ Альбедо	Интерактивті тақта, бейнебаян
5 мин	Сабақты видеороликпен ашу https://www.youtube.com/watch?v=NcAcRgZsCZw «Ой қозғау» әдісі арқылы сұрақтар қойылады Оқушылар видеороликтен не көрдіңіз? Оқушылар бейнематериалды мұқият қарайды. Керекті жерлерді дәптерге жазып отыру сұралады. Көріп болғаннан кейін сұрақтар қойыңыз. - Климат дегеніміз не? - Климаттың қалыптасуына қандай факторлар әсер етеді екен?	



	- Адам өміріне климаттың әсері қандай?- деген сұрақтар қоя отырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашады.	
Сабақтың ортасы (28 мин)	I. ТАПСЫРМА Ж.Ж. «Кластер» әдісі. А. Тапсырма: Оқулық мәтінін пайдаланып, мына сызбанұсқаны толтырыңыз Климат түзуші факторлар Б. «Түйінді сөз» әдісі арқылы төмендегі сөздерге анықтама беріңіз: (а) Географиялық ендік (b) Атмосфера циркуляциясы (с) Жер бедерінің сипаты (d) Мұхиттар мен теңіздер (е) Жер бетінің төсеніші Бағалау критерий Дескриптор -Климат түзуші факторларды ажыратады - Климат түзуші факторларын топтастырады; - Климатын түзу факторларға анықтама береді ҚБ: «Бір үзік ой» Оқушылар бір-бірінің ойын тындап,бір-бірін толықтырады.Мұғалім	Ресурстар: География 8-сынып Алматы «Мектеп» 2018  

тарапынан мадақтау;

Саралау тәсілі: тапсырма,
бағалау, дереккөздер,

2-ТАПСЫРМА .

А. Т.Ж. «Ойлан, тап» әдісі арқылы суретте санмен бейнелен сөздерді тауып, күн радиациясы мен альбедоның айырмашылығын анықтаңыз .



-Жер бедерінің климатқа әсерін анықтап түсіндіріңіз.

-Ауа массаларының климаттық жаңдайға әсерін түсіндіріңіз.

- Жиынтық Күн радиациясының экватордан полюске қарай кемуіне әсер ететін орта жағдайларын анықтап сипаттаңдар

Бағалау критерийі	Дескриптор
-Климат қалыптастырушы факторларды анықтап, талдайды;	- Күн радиациясының таралу деңгейін анықтайды

	- Жер бедерінің климатқа әсерін анықтайды - Ауа массаларының климаттық жаңдайға әсерін жазады	
Сабақтың соңы (3 мин)	ҚБ « ҚҚҚ » әдісі арқылы әр топ бір – бірін бағалайды. Саралау тәсілі: тапсырма, дереккөз, қарқын 3. ТАПСЫРМА. ТЖ «Синквейн» әдісі. 1 ТОП "Климат" , "альбедо", "циркуляция", "радиация" сөздерін қалауыңыз бойынша біреуін таңдап, «Синквейн» әдісіне салып тұжырымдап айтыңыз 1. Тақырып бір сөзбен беріледі (зат есім) 2. Екі сөзбен сипаттау (сын есім) 3. Тақырыпқа қатысты үш сөз (етістік) 4. Төрт сөзден тұратын бір сөйлем 5. Тақырып мәнін ашатын бір синоним сөз	
	2 ТОП «Попс» талдау әдісі Тапсырма Таулы аймақ пен жазық жердегі климаттық жағдайдың басты айырмашылықтарын анықтаңыз Таулы аймақтың климаты Жазық жердегі климат • <i>Бірінші сөйлем</i> «Менің ойымша, ... » • <i>Екінші сөйлем</i> «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... » • <i>Үшінші сөйлем</i> «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... » • <i>Соңғы сөйлем</i> «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім . 3 ТОП. «Карта сөйлейді» әдісі Тапсырма. Алтай тауында жауын-шашынның	

Кері байланыс (2 мин)	мол, Тұран жазығында аз түсуінің себептерін анықтаңдар		
	Бағалау критерийі	Дескриптор	
	- Климат қалыптастырушы факторларды анықтап, талдайды	- екі сөзбен сипаттайды - тақырыпқа қатысты 3 сөз айтады - тақырыптың мәнін ашатын 1 сөз айтады - аулы аймақ пен жазық жердегі климаттық жағдайдың басты айырмашылықтарын қатысты өзіндік ойды айтады - себебін түсіндіреді - нақты фактілермен, мысалдармен дәлелдейді - тұжырым қорытынды айтады - Алтай тауында жауын-шашынның мол, Тұран жазығында аз түсуінің себептерін анықтайды	
ҚБ «Мадақтау бутерброды» әдісі Мұғалімнің мадақтауы, қорытындылауы Саралау әдісі: тапсырма, қарқын, дереккөз, бағалау Бекіту Ж.Ж. «Географиялық диктант» әдісі. Жер шарынның кез-келген аймағындағы климаттың қалыптасуына әсер ететін жағдайлар-.....деп аталады. Климат түзуші факторды..... ке бөлеміз. Жер бетіне келіп түскен күн жылуы..... деп аталады. Тура және			

	шашыранды радиацияның жиынтығы..... деп аталады. Жер бетінің күн сәулесін кері шағылдыруыдеп аталады. Жаңа жауған қар күн сәулесінің% шағылыстырады. Материктер климатының қалыпт асуына өте күшті әсер ететін факторлардың бірі - «СМС» әдісі арқылы сабақтан алған білімдері мен әсері бойынша кері байланыс жасайды.	
Саралау – Сіз оқушыларға қандай тәсілмен көмектесесіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?	Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Пәнаралық байланыстар. Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану
Оқушылардың оқу дағдыларын ескере отырып, сабақ мақсаттарына қол жеткізуге арналған сараланған тапсырмалар беремін. Бейнебаян көрсете отырып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын оятамын. 1 тапсырма бойынша «Кластер» , «Түйінді сөз»әдістерін пайдаланып, барлық оқушыларға тапсырма беріледі. 2 тапсырма бойынша «Ойлан тап» әдісін пайдаланып топтық жұмыс жасаса ,сынып оқушылары «Кластер » «Түйінді сөз», әдісі арқылы жұппен жұмыстанып мәтінмен	Топтық жұмыста ҚБ «Бір үздік ой», «ҚҚҚ» , «Мадақтау бутерброды» әдісі арқылы әр топ бір – бірін бағаса, жұптық жұмыста бір-бірінің ойын тыңдап, мұғалім мадақтамасымен бағаланады. Географиялық диктант ҚБ: «Көршінді бағала» әдісімен, «Ойлан тап» әдісі арқылы берілген тапсырмада оқушылар «ҚҚҚ» әдісімен бір –бірін бағалайды Кері байланыста «СМС»	Пән аралық байланыс: биология, физика Бөлмені желдету, оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, техникалық қауіпсіздік ережелерін сақтау, ғаламтормен жұмыс жасағанда тоқ көзін дұрыс қолдануда сақ болу, 10-15 минуттан артық интер. белсенді тақтаның жұмыс істеу мүмкіндігін шектеу

танысын, 3 тапсырма да 3 топ түрлі «Синквейн », «Попс» , «Карта сөйлейді»әдістері арқылы да топпен жұмыс жасайды. Дәптермен жұмыс географиялық диктантта жүрсе, . «Ойлан,тап» әдісі арқылы суретте санмен бейнеленген сөздерді тауып, көру жадысын дамытады. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін «СМС» әдісін пайдаланып, кері байланыс береді.	әдісі қолданылады.	
Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы және қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма		
Қорытынды бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиындықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?		

29.01.2022 ж. № 000048

Дара және күрделі етістік

АЛДАБЕКОВА НАЗИРА МУЗАППАРОВНА

Түркістан облысы Жетісай ауданы Қызылқұм ауылы

«№57 Сарыарқа ЖОМ»КММ.

Бастауыш сынып мұғалімі. Педагог-зерттеуші

Педагогтің аты-жөні	Алдабекова Назира Музаппаровна			
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Дара және күрделі етістік			
Оқубағдарлама-сына сәйкес оқыту мақсат-тары	2.1.4.1 - тірек сөздерді қатыстыра отырып, берілген тақырып бойынша әңгіме құрау			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағал ау	Ресурстар
Басы	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. Бір-бірімізді тыңдаймыз десек, 1 рет қол шапалақтаймыз. Ұйымшыл боламыз десек, 2 рет қол шапалақтаймыз. Белсенділік танытамыз десек, 3 рет қол шапалақтаймыз. Жұмыс ережесін келісу ✚ Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ✚ Уақытты үнемдейміз! ✚ Нақты, дәл жауап береміз!	Психологиялық ахуалға берілген тапқартарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару. Оқушылар сұраққа жауап береді, жұмысты берілген	 ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағал ау.	Психологиялық ахуал. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары.

	✚ Сабақта өзіміздің шапшандығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! ✚ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! <u>Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда)</u> Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	түріне қарай орындайды.		
Сабақтың ортасы	Ширату тапсырмасы. Белсенді оқу тапсырмалары(топта, ұжымда) 41. Қатесін тап және түзеп жаз. Тоты – әдемі құс. Ол Африка, Австралия ормандары тіршілік етеді. «Ол кім? Бұл не?» кітабы • Етістіктерді тап. 42. Пирамидадан жеті әріптен тұратын етістікті тап. Тапқан тікті төркедерге орналастыр. С Ю А Н Й Ш У Р О Б М У А Р О П У Д С Т В Ж Е Ы В К Ф Ц  С [] [] [] [] [] <u>Дескриптор:</u> • Мәтін түрлері мен құрылымдық бөліктерін ажыратады. Жаңа білімді меңгереді. Сауатты, көркем жазады. • Диалогке қатысады; мұғалімнің көмегімен негізгі ойды анықтай алады. • Берілген тапсырмалар бойынша ой қорыту жасай алады. <u>ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау.</u> Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	Берілген сұраққа жауап беріп, тапсырмаларды талапқа сай орындайды. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	 ҚБ: От шашу арқылы бір-бірін бағалау.	Оқылым, жазылым тапсырмалары.

Соңы	Қолдану Оқулықта берілген тапсырмаларды орындау. Түсіндіру. Топтық, жеке жұмыс жүргізу. Дәптермен жұмыс. Суретпен жұмыс. Жаңа білім мен тәжірибені қолдану «Ойлан, Жұптас, Пікірлес» 43. Суреттерді баспымалыққа алып, құстарды қалай қорғау қажеттігі туралы нұсқаулық жаз. Кім нені қорғауы тиіс? Неліктен? Оларға қандай жағдай жасау керек? 44. Сурет бойынша өңгіме құра.  45. Мәтінді қатесіз көшіріп жаз. Адамдар ғарышқа ұшуды армандайтын. Бұл арман орындалды. Ғарышқа алғаш рет Юрий Гагарин ұшты. * Еңістіктердің астын сыз. (ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі.	Оқулықтағы қосымша тапсырмалар.	<u>ҚБ:</u> <u>Бағдар шам көздері арқылы бір-бірін бағалау</u>	Топтық тапсырмалар.						
Кері байланыс	Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз. БББ кестесі <table border="1"><tr><td>Білгенім</td><td>Білдім</td><td>Білгім келеді</td></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table> Рефлексия (жеке,жұпта,топта, ұжымда) Оқушылар өздері белгілейді. Кері байланыс «СМС» Сабақта не ұнады? Маған ұнамады Сабақта өзгертілме келеді	Білгенім	Білдім	Білгім келеді				Сабақтан алған әсерлерін стикерге жазып, суретін жібереді.	кері байланыс парағы	кері байланыс парағы
Білгенім	Білдім	Білгім келеді								

28.01.2022 ж. № 000039

Жаңартылған білім мазмұны-заман талабы

ЖАЙЛАУОВ НУРСҰЛТАН МУРЗАМУДИНҰЛЫ

*Жамбыл облысы, Жуалы ауданы. №27 Диқан орта
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі-білімді ұрпақ.Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп,бәйгеден озып келетін заманы енді туды.Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керке»,деген.

Қазақстан Республикасының білім беру реформаларының негізгі мақсаты-білім беру жүйесін жаңа экономикалық ортаға бейімдеу.Бұл тұрғыда тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылуы туралы міндет қойғаны мәлім.Білім беру жүйесін жетілдіру осы мақсатқа қол жеткізуде маңызды рөл атқарады.Болашақта өркениетті,дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет:ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең,іскер және ойлауға қабілетті,әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру.Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады.Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері,соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.Жаңартылған білім беру бағдарламасы –озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты»атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деп баяндалды.Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз дей келе,Елбасымыз «функционалдық сауаттылықты арттыруды»негізгі тапсырма етіп жүктейді.

Функционалдық сауаттылық,кеңінен алғанда,білім берудің / бірінші кезекте жалпы білім беруді / көп жоспарлы адамзат қызметімен байланысын біріктіретін тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде түсіндіріледі.Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік,мәдени,саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына,сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға.

Оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас түбегейлі өзгерісті талап етеді.Функционалдық сауаттылықты меңгерген оқушы білімді өз бетімен игеріп,өз болжамдарына күмәнмен,сыни тұрғыдан қарайды.Әлем,тіршілік,жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп,кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігі ұлғаяды.Құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасайды.Белсенді түрде білім жинақтайды.Осының бәріне мұғалім көшбасшылық етіп,бағыт-бағдар беріп отырады.Оқушы оқу үдерісіне мұғаліммен бірге араласып отырады.Тіпті өзінің және сыныптас достарының білімін бағалауда да өз үлесін қоса алады.Ол үшін бағалау критерийлеріне сүйене отырып,топпен,жұппен немесе жеке жауап берген балалардың еңбегін формативті бағалау оқушының әрі қарай ынталанып оқуы үшін үлкен ықпал етеді.Мектеп тәжірибесінде табысты қолдануға ықпал ететін әдістемелік сипаттағы бірқатар жалпы ұсыныстардан тұратын бағдарламаның жеті модулі:оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;сыни тұрғыдан ойлауға үйреті;оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау;оқытуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану;оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу;оқытудағы басқару және көшбасшылық болып келеді.

Сондықтан бүгінгі өскелең ұрпақтың үлкен өмірге білек сыбанып,белсене араласа алатын қабілетін көтеріп,танып білу заман талабы.Олай болса оқушы бойына адамгершіліктің асыл қасиетін сіңіру,сапалы білім беріп,оның болашағын,жеке басын сыйлау біздің бірінші міндетіміз.

28.01.2022 ж. № 000040

Абай шығармаларын бастауыш сыныпта оқытудың тиімді әдістері

ЖУНУСАЛИЕВА ЗАРИНА ЖАНИБЕКОВНА

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы "№28 жалпы білім
беретін мектеп" КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*

Бүгінгі білім мен техниканың қарыштап дамуы оқушының тұлғалық жетілуіне түрткі болуда. Жеке тұлғаның қажетін өтеуде мұғалім өзінің пайдаланып отырған отырған әдістеріне рефлексия жасай отырып, жетілдіре білуі қажет, сол жағдайда ғана білім мазмұнын меңгеріп, алдымыздағы шәкірттің тұлғалық шығармашылық жетілуіне мүмкіндік жасаймыз.

Абай шығармаларының оқытуда ең тиімді әдіс-тәсілдің бірі сын тұрғысынан ойлау. Өйткені сын тұрғысынан ойлауды дамыту бағдарламасы көп електен өткен, әлемдік білім берушінің бірлескен еңбегінің нәтижесі. Жоба педагогика саласында өзіндік із қалдырған, ұлы педагог Ж.Пиаже, Л.Выготский теорияларын басшылыққа алады. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының, мінез машығына, назар аудара отырып. Тақырыптан ерекшелігі оқушылар сабақ барысында, Абай шығармаларының тақырыбы мен идеясы мазмұны, тіл ерекшелігіне немесе лирикалық кейіпкерге сын тұрғыдан қарап саналы шешім қабылдауға үйренеді. Қабылдаған шешімді дәлелдей білу, пікірін қорғай білу, басқаның пікіріне құрметпен қарау сол басты қағида. Мұғалім кез келген әдіс тәсілде оқушыға сенім арта отырып, олардың ой ұшқырлығы мен тіл көркемдігіне, мінез машығына назар аудара отырып тақырыптан ауытқымай отырып жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Егер мұғалім оқу үрдісі барысында жұмысты дұрыс ұйымдастырған жағдайда оқушы шығдалып, белгілі бір жетістікке жетері сөзсіз.

Абайдың «Күз», «Қыс» сияқты өлеңдерін оқығанда, бастауыш сыныптардағыдай жыл мезгілдерінің әр түрлі белгілерін, табиғат көріністерін айту үстірт түсінік тудырмаса керек. Абайдың өзі табиғат көрінісі және жер бетіндегі тіршілік атаулының (адам, өсімдік, оның әлеуметтік халі т.б.) бәрін де тұтастық қалпында сипаттап тұр. Ол тұтастықты даралап ыдыратқанда әрбір жеке ғылым саласының үлесінен (өсімдіктану, жаратылыстану, тәнтану, әлеуметтану, саясаттану, география, тарих, сурет т.б.) екені байқалады.

Сондықтан кейбір материалдың мазмұнындағы бірден көзге түсетін бөлікті екінші пәннің үлесіндегі жеңіл бір ұғым, мазмұнмен байланыстырып, интеграциялық сабақ өткіздім деу қисынсыздау болады. Бұл түрдегі байланыстың іске асырылуы мұғалімнен үлкен міндет пен жауапкершілік, сабаққа мүлтіксіз дайындықпен келуді талап етеді.

Мектепте оқылатын оқу пәндеріндегі бай мазмұнмен оның күрделі құрылысы оқу ісінің аса жауапты, қат-қабат қиын екенін көрсетеді. Сондықтан да мұғалімнің мамандық дайындығының жан-жақты, биік дәрежелі болуы өте қажет.

Абай шығармаларының табиғаты кешегіні айта отырып, бүгінгі күннің барысына жөн сілтейді. Кешегі айтылған Абай сөзі бүгін өз құнын жоғалтпақ түгіл, ол құндылық пен оған деген мұқтаждықты еселеп арттырғандай болады. Сондықтан да бұл жердегі интеграциялық байланыс мұғалімнің білімдік-әдістемелік дайындығын қалайды.

Абай өлеңдерінің терең мазмұнына бойлау үшін сабақты интеграциялық байланыста жүргізу бірден-бір тиімді әдіс болып табылады.

Мәселен, «Интернатта оқып жүр» өлеңін оқытқанда оқушылардың 5 сыныпта оқыған «Интернат наны» (Ш. Мұртаза) мәтінімен байланыстыру арқылы кең ұғым беруге болады. Осы тұста тарихи жағдай ықпалын да сөз ету керек. Әсіресе, Абай өлеңдерін оқытқанда, тарихи жағдайға соқпай өтуге болмайды.

Ақын өлеңдері өз заманының шындығын бейнелейді. Оны жалаң күйде бүгінгі ұғым, түсінікпен айту өлеңнің ішкі мазмұнын жоғалтады. «Интерната оқып жүр» өлеңіндегі «Ойында жоқ олардың шарифатқа шаласы» – деген жолдар Абай заманындағы ел арасының бүліншілігінен хабар береді. Сол тұстағы білім алудағы тар ұғым, түсініктің қалыптасқанын аңғартады.

Оқудағы мақсат арыз, шағым жаздыру, сот ісінде бедел көтеру, біреуден есе қайтару дегендерге саяды. Мұның өзі отаршылдық алып келген саясат салдарынан қазақ елінің ішкі жағдайының өзгеруін көрсететінін ашып айту керек.

Абай білім алудың мақсаты бұлардан әлдеқайда жоғары екендігін айтатынын ұғындыра отырып, әңгімені бүгінгі жағдайға бұрған орынды.

«Нан таппаймыз демейді,

Бүлінсе елдің арасы» – деген сөз бүгінгі қоғам құрылысы бір түрден екінші түрге ауысып, жер жүзінде идеялық түсініктерге өзгеріс еніп жатқанда халық көріп отырған қиындықты жеңу жолы – ел арасының бірлігі деген ұғымды биіктету және ел бірлігі деген түпкі тек сонау түркі қағанаты болып құрылғаннан бері келе

жатқан мызғымас тұрақты ұғым екендігін ұрпақ көзқарасы мен дүниетанымына негіз етіп қолдану керек. Ол үшін өлеңнің негізгі ой-түйіні ретінде көрінетін тұсын анықтап, ол бойынша түрлі-түрлі жұмыстар жүргізу қажет.

Абай Құнанбаев шығармаларын оқыту бастауыш сыныптардан басталып, орта буында, жоғары сыныптарда түгел қамтылады. Абай шығармаларын бастауыш сыныптарында оқытқанда, оқушылардың ассоциациялық ойлауы мен қиялын дамытатын әдіс-тәсілдер пайдалану орынды деп есептейміз.

Мысалы, Абайдың табиғат лирикасынан «Күз» өлеңін оқытқанда мына тектес сұрақтар беруге болады.

1. Күз сөзі көз алдымызға қандай көріністерді елестетеді?
2. Күз сендерге қандай сезім-күй туғызады?
3. Күз қандай түсті елестетеді?

Сұрақ, тапсырмаларға берілген жауаптарды жинақтап, оқушылардың дәптерлеріне немесе тақтаға еркін жазу, яғни оқушы жауаптары бойынша жүйесіз жазып шығу керек. Жинақталған «ым» – түсініктерден оқушы өз ассоциациясындағыларын бөлек теріп жинақтайды, оларды топтастырып шығуға болады.

«Қыс» мезгілін оқытар алдында берілген сұрақтарға «қар», «қырау», «аяз», «үскірік», «шаңғы теуіп жүрген балалар», «сырғанақ», «аяз ата», «шыршаны жағалай айналған балалар», «жаңа жыл», «қатып жатқан сулар, өзендер», «қар үстіндегі адам іздері» алуға болады. Қысты оқушылардың барлығы бірдей ақ түсті табиғи деп таниды.

Көктем белгілеріне қатысты қойылған сұрақтарға «қар ериді», «жаңбыр», «үйлердің шатырына қатқан мұздардың еріп, тамшылап тұрғаны», «8 – наурыз», «құстар жылы жақтан оралғаны» «ағаштар гүлдейді», «жан-жануар ояна бастағаны», «дән егіп жатқан диқаншы» сияқты жауаптар қайырады. Оқушылар көктемді әр түрлі түспен елестетеді. Бір оқушы жасыл түсті, біреуі қызыл қызғалдақ түсін елестетеді. Мұндай жұмыс түрлерін ұйымдастырудағы басты мақсат оқылатын шығарманы дұрыс, өз дәрежесінде қабылдауға жағдай туғызу, оқушы қиялын ұштау болып табылады.

«Күз» өлеңінде Абай бұлттың түсін неліктен басқаша қолданбай, (қара бұлт, ақ бұлт, ақша бұлт, т.б) «сұр бұлт тіркесімен берген? немесе «дымқыл тұманның ерекшелігі қандай?» деген сұрақтар табиғат ерекшеліктерін тереңдей ұғуға әрі жете түсінуге жетектейді.

Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,

Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрыңғыдай,
Жастар күлмес, жүгірмес, бала шулай, – деген жолдарға назар аударта оқыту оқушы ойын, ассоциациялық қиялын күз көріністерімен толықтырады, жаңа ұғым, түсініктерге, сезімге ойыстырады. Өлеңнің келесі жолдары сол ұғымдардың бояуын қанықтырып, өлеңнің әлеуметтік мәнін түсініп қабылдауға жол ашады. Оқушы санасында Абай бейнелеген күздің тұтас суреті орнығады. Оқыту жұмысының нәтижелі болуы оқыту әдістерін үйлесімді етіп тандап ала білуге байланысты. Себебі оқытуды ұйымдастырудың негізгі формасы – сабақ. Ал сабақтың мақсаты мұғалім мен оқушының ұжымдық, шығармашылық еңбегі, сондай-ақ сабақта оқыту мен тәрбиенің міндеттері, мақсаттары жүзеге асырылады, оқушылардың ой - өрісі кеңіп, қабілеті шыңдала түседі, өмірге деген көзқарасы қалыптасады.

Қорыта айтқанда, ұлы Абайдың шығармаларын бастауыш сынып оқушыларына үйрету барысында ең қажетті сыналған әдістемелерді пайдаланып, оларды әрбір сабақта жаңалап, жетілдіріп отыру, әрбір тақырыпты өтуге творчестволықпен қатынас жасау бүгінгі күннің ең зәру мәселесі болып табылады. Себебі жастарымыздың дүние танымына, дүниеге көзқарасын қалыптасыруда, олардың заман дәрежесіндегі азамат болып өсуінде, биік интеллектуальдылыққа, «толық, кәміл инсан» болып жетілісуінде, олардың бойындағы эстетикалық талғамының ұштала түсуінде ұлы Абайдың шығармалары бірден бір рухани азық болып табылады.

28.01.2022 ж. № 000041

**Бастауыш сыныпта сын тұрғысынан
ойлау технологиясын тиімді қолдану**

ХАСЕН АЙГЕРІМ САЙНҚЫЗЫ

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы «№28 жалпы
білім беретін мектеп» КММ. Бастауыш сынып мұғалімі*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық және адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдарға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп, білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделген. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдарының, әр мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттілігі туындайды. Білім берудің маңызды шарты-оқу үрдісін жаңара отырып, оқушылардың қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабылеттерін дамыту, олардың өздігінен білім алуға құштарлығын жетілдіру, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауда мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыру.

Қай заман болмасын адамзат алдында тұрған міндет- ұрпаққа саналы білім беру. Білімнің жаңа мазмұнын жүзеге асыру үшін заман ағымына орай оқу үрдісіне жаңа технологиялар қажетті. Жаңалықты меңгеру мен жүзеге асыруда дұрыс түсінбеу үлкен кедергіге әкеледі. Сондай қолданыстағы жаңа технологиялардың бірі-сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Жалпы сыни ойлау деген не?

Сыни ойлау сұрақ қою мен шешімін талап ететін проблемалардан тұрады. Мазмұнды сұрақ қою арқылы, мәселені шешуде өзі жолын іздеп тауып, шешімді, саналы дәлелдер айтады. -мұғалімге тәуелділіктен арылып, өзінің білім беру қызметін өздері басқаруға;

-білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс-әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

-жеке ерекшелігі мен қыбылетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

-білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруы;

-құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

-ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін- өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасында 100-ге жуық стратегиялар бар. Қазіргі кезде мен қолданып жүрген стратегиялар Венн диаграммасы, «Т» кестесі, эссе, ой қозғау, инсерт, шығу парағы, кубизм, дискуссиялық өрнек, кластер, ішіне сыртына, синквин, т.б.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады.

- 1.Сабақты белсенді өткізіп, әр баладан еркін жауап алуға жағдай жасау.
- 2.Сенімділікке тәрбиелеу.
- 3.Қиялын дамыту « менің ойымша» деген жауапқа алуға жағдай жасау.
4. Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау.
5. Жауап беруге тілек білдірмеген баланы өз еркінсіз, қинап сұрамау.
6. Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.
- 7.Жеке тұлға ретінде « мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Сын тұрғысынан ойлау- Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болап табылатын ең басты педагогикалық түсінік. Педагогика ғылымы еш нәрсеге бейімі жоқ, қабілетсіз адам болмайды деп дәлелдейді. Тек қабілетті кеңінен өрістетуге ықпал етуші орта оқушы үшін мектеп қана болып табылады. Сондықтан оқушылардың сыни тұрғыда ойлау мақсатында «қалай? қашан? қандай?»деген сұрақтар төңірегінде жұмыс жүргізу жақсы нәтиже береді. Яғни оқушыларға тапсырманы қалай берем? Қашан берем? қандай тапсырма берем деген сұрақтар басты назарда болу керек деп ойлаймын. Сыни ойлау сабағының құрылымы үш кезеңді қамтиды.

Қызығушылықты ояту

Жаңа ақпаратқа қызығушылығын ояту, танымдық процеске жұмылдырады, актуалдау. Бұл бөлім –білімнің іргетасы.

Екінші кезең -мағынаны тану оқу процесін мазмұнды түсінудің негізгі кезеңі. Осы кезеңде мұғалім шеберлігінің шыңы десек қателеспеспіз деймін. Себебі мұғалім тиімді стратегиялар арқылы оқушы қабылдауын дамытады. Салыстырмалы кестелер, екі жақты күнделік әдісі, инсерт әдістері қолданылады. Ой толғау кезеңінде оқушы пікірлері маңызды болады. Оқушының сыни ойлауын дамыту мүмкіндік бар. Жаңа білімге өзінде бар білім негізінде өтіледі.

Оқушы шығармашылығын арттыруда әр кезеңге орай әдіс-тәсілдер таңдау, қолдану бір жүйеде дамытуға жетелейді.

- **Сын тұрғысынан ойлау** -ашық қоғам негізі. Ол өз алдына сұрақтар қойып және оларға үнемі жауап іздеу, әр мәселеге байланысты өз пікірін айтып, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелерді қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Сыни ойлау-адам өмірінің бір саласы. Олай делінетіні-бұл философия адамдарға көптеген жолдар мен шешімдер ішінен өздері үшін маңызды, әрі пайдалы

екенін, тек қажетті ақпараттарды ғана жинап, жаңа білімді бұрынғыдан ажырата білуге көмектеседі.

Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы-білімнің дайын күйінде берілмеуі. Бұл жобаның мақсаты-демократиялық қоғамда өз көзқарасы, пайымдауы бар,өзін-өзі жетілдіріп отыратын, айналадағы үдерістерге сыни көзбен қарап, жауап бере алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

СТО жобасын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу-білім беру сапасын арттырудың, оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы. «Сын тұрғысынан ойлау»- сынап қарау емес, оқушының шыңдалған ойлау әрекеті.Бұл технологияның негізінде оқушылар топпен жұмыс істеу арқылы өзара пікірлесіп, ұтымды жауаптарды тауып айтуға үйренеді, іздене отырып, өз ойын айтуға, дәлелдеуге мүмкіндік алады. Топпен бірігіп жұмыс жасау тұлға бойында шыдамдылық, мейірімділік, ұжымдық жауапкершілік, бірігіп бір мәселені шешу секілді жағымды қасиеттерді дамытады.

«Сын тұрғысынан ойлау технологиясын» арнайы пәндерді оқытуда қолданып жүрмін. «Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақтарда қолдану» тақырыбын өзекті тақырып ретінде алдым. Осы технологиямен жұмыс жүргізу үшін белгілі міндеттер қойдым. Олар:

1. Технологияны оқып меңгеру;
2. Тәжірибеде қолдану;
3. Нәтижесін анықтау.

1-ші сатыда 2012-2013 оқу жылында технологиямен таныстым, баяндама әзірленді ; 2-ші сатыда 2013- 2014 оқу жылында сабақтарымда қолдандым, пәндік отырысқа әдістемелік әзірleme дайындалды ; 3-ші сатыда 2014 -2015 оқу жылына әдебиеттік оқу пәнінен «Шешендік сөз», «Достық» тақырыбында ашық сабақтар жоспарлап өткіздім.

2015-2016 жылы Өзін-өзі тану пәнінен «Сөз іспен көрікті» тақырыбында ашық сабақ өткізілді. Жалпы «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының» 90 түрлі стратегиясы бар, солардың ішіндегі- Даралық пен ұқсастық, Венн диаграммасы, Бес жолды өлең, Галереяға саяхат, INSERT кестесі, ББҮ стратегияларын сабақтарымда қолданамын.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының негізгі мақсаттары:

- Тек қана оқуда емес, өмірде де оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- Өздігінен дұрыс шешім қабылдай білетін тұлғаны дамыту;
- Ақпараттарен жұмыс істей білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- Құбылыстарды жан-жақты талдап саралай білетін сыншыл тұлға тәрбиелеу.

Сабақта белгілі қағидалар сақталынуы қажет. Ол үшін тақырып бойынша оқытушы – оқушыларға тапсырманы орындауға уақыт белгілеуі, сенім көрсетуі, қолдауы және бағыт беріп көмектесуі қажет.

28.01.2022 ж. № 000042


В.Сухомлинский. «Ақ шаш»

ЕРЕКЕШОВА ГУЛИМАЙ ИРГЕБАЕВНА

Ақтау қаласы «№28 орта мектебі» КММ. Бастауыш сынып мұғалімі.

Сынып:	2 сынып	
Пәні:	Әдебиеттік оқу	
Сабақтың тақырыбы:	Мәпелейсің мені,анам!. В.Сухомлинский. «Ақ шаш».	
Бөлім:	Менің отбасым және достарым	
Негізгі түйінді идея:	Ананың шашының ағаруы	
Сабаққа негізделген оқу мақсаттары:	2.1.1.1. Тыңдалған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; 2.2.6.1. Кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен әс-әрекетін бағалау; 2.3.1.1. Мұғалім көмегімен оқылған шығарманы бөліктерге бөліп, жоспар құру;	
Сабақ түрі:	Жаңа сабақ	
Әдіс-тәсілдер:	«Қар кесегі» , «топтастыру», «Insert», «Қимылмен сөйле», «Білім теңізіне кеме жіберіңіз»,«Атаулар туралы үш сұрақ».	
Бағалау критерийі:	Алдыңғы білімді «қар кесегі» әдісі арқылы еске түсіреді. Видеоролик тамашалау арқылы видеоны талқылайды. «Insert» әдісі арқылы тыңдалған мәтіннен түсібеген сөздерін белгілейді. Мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді. Мәтінді бөліктерге бөліп, жоспар құрады.	
Алдыңғы білім:	Айгүлдің әңгімесі	
Табыс критерийлері		
Барлық оқушылар:	Көпшілік оқушылар :	Жекелеген оқушылар:
а) оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды; ә) жазба жұмыс жасайды; б) сұраққа жауап береді;	а) топтық жұмысты бірлесе орындайды;	а) оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды; ә) тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіреді;

				ә) Өз бетінше жұмыс жасайды; б) сұраққа жауап береді; в) қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды;			
Уақыты	Кезеңдері	Тапсырма	Мақсаты	Мұғалім не істейді	Оқушылар не істейді	Ресурстар	
5 минут	Ұйымдастыру	Интербелсенді тақтадан «ана туралы» видеоролик тамашалау	Сабактақырыбын айқындау	Видеоролик көрсетеді	Видеоролик	Ана туралы видеоролик АКТ	
	Топқа бірігу Топ ережесі	1-топ: «Шуақ» 2-топ: «Жылу» 3-топ: «Мейірім» 4-топ: «Шапағат» 1.Бір-бірімізді тыңдау; 2. Уақытты тиімді пайдалану 3.Топ ішінде тәртіп сақтау 4.Өз ойын анық жеткізе білу	Топқа бірігу Топ ережесін сақтау	Тірек сөздер арқылы топқа біріктіру Топ ережесі мен таныстырады	Тірек сөздерді таңдау арқылы топқа бірігеді. Ережеге бағынады	Қима қағаздар Ереже жазылған парақтар	
3 мин	Үй тапсырма	«Қар кесегі» әдісі арқылы			Қағазды		

	сын тексеру	әр топ бір-біріне сұрақтар қояды:  1.Әжесі не үшін Айгүлді өзіне ұқсатады? 2.Айгүл неге әжесінің зейнетақысын асыға күтеді? 3. Айгүлдің әжесін жас кезінде қалай еркелеткен? 4.Әжесі мен Айгүл «Балалар әлеміне» не үшін барды? 5.Айгүлдің әжесі қандай адам? Қалыптастырушы бағалау 	Үй тапсырмасын тексеру мақсатында	Әр топқа қағаздар тарату	умаждау арқылы қаркесегін жасайды	Қағаз дар 
5 мин	Мағынаны тану	Топтастыру жасау  Мейірімін төгеді, жылу береді, шуақ	Тақырыпты ашу мақсатында	Шуақ, жылу мейірім, шапағат сөздері арқылы тақырыпты	Анаға тән қасиеттерді тізбектеп айтады	Қима қағаздағы сөздер: Шуақ, жылу, мейірім, Шапағат

		шашады, шапағат сыйлайды		анықта йды		
5 мин	Оқу лық пен жұм ыс	«Мәпелейсің, ме ні анам!» өлеңін және «Ақ шаш» мәтінін оқушыларға дауыстатып оқыту «Insert» әдісі арқылы түсінбеген сөздерін белгілеу. W-білемін +-жаңалық ?-білмеймін Қалыптастыру шы бағалау  Жасыл-түсіндім Сары-жартылай түсіндім Қызыл- түсінбедім		әр топтан жекеле ген оқушы ларға дауыст атып оқытад ы.	«Insert » әдісі арқылы түсінбе ген сөздері н белгіле п отырад ы. W- білемін +- жаңал ық ?- білмей мін	W-білемін +-жаңалық ?-білмеймін 
1 мин	Авт орм ен тан ы су	Слайд арқылы мәтін авторымен танысып өту	Мәтін автор ы мен таныс у	Слайд көрсету арқылы авторм ен таныст ырады	Оқушы лар автор туралы мәлімет алады	АКТ
3 мин	Сер гі ту сәті	«Күннің шуағы» гүл жапсыру.	Анал арын	түсінді реді	Гүлге сипатта у	Күннің суреті, гүлдің суреті

			сипат тау		жазып, күннің шуағын а жапсыр ады	
5 мин	Дәптер мен жұмыс	1.Берілген сөздің түсіндірмесін жазу Хақы- <i>мұнда: еңбегі</i> 2.Анаңды қуантатындай 5 сөз ойлап жаз Қалыптастырушы бағалау Смайликтер арқылы өзара жұпта бағалау 	Анасын жақсы көретін сөздер жазу	түсіндіреді	Тапсырманы орындайды	Дәптер 
10 мин	Ой толғау	Топтық жұмыс: 1-топ: «Қимылмен сөйле» әдісі: 1.Аналарыңды неге теңейсіңдер? (күнге) 2. Аналарыңа қалай еркелейсіңдер? (қимыл) 3.Дүниеге келгенді біз	Түсінгендерін топтық жұмыстар арқылы дәлелдеу	түсіндіреді	Берілген тапсырмаларды орындайды	

		қандай болдық? (отырады) 4.Әке- шешеміздің арқасында қалай өстік? (тұрады) 5.Аналарыңды қалай жақсы көресіңдер? (өздерін қатты құшақтайды) 2-топ: Мәтіндегі негізгі ой қандай мәселеге құрылғанын белгіле. 1.Ананың шашының ағаруы 2. Ананың баласын жақсы көруі 3.Баланың ағашқа өрмелеуі 3-топ: Тірек сөздерді қолдана отырып,мәтінге жоспар құру 4-топ: «Атаулар туралы үш сұрақ» әдісі <table><tr><td>Кім?</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Қалай?</td><td></td><td></td></tr><tr><td>Не істейді?</td><td></td><td></td></tr></table> Қалыптастыру шы бағалау	Кім?			Қалай?			Не істейді?						Оқулық Тірек сөздер:байқағ ыштық,таңдан ыс, жүрегі ауырды
Кім?															
Қалай?															
Не істейді?															

						
2 мин	Рефлексия	«Білім теңізіне кеме жіберіңіз» 	Сабақты түсінгендерін байқау	түсіндіреді	Сабақты жақсы меңгердім деген оқушылар кемелерін теңізге орналас тырады, ал өзіне сенімсіздер жағаның шетіне қалдырады	
1 мин	Үйге тапсырма	Мәтінді оқып, мазмұндау				

28.01.2022 ж. № 000043

Дене шынықтыру – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі

БЕКТИЛЕУОВА НАЗГУЛЬ КУЗЕМБАЕВНА

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы №23 жалпы
білім беретін мектебінің дене шынықтыру мұғалімі*

Дене шынықтыру – қоғамдағы жалпы мәдениеттің бөлігі, адамның дене қабілеттерін дамыту мен денсаулығын нығайтуға бағытталған әлеуметтік қызметтің бір саласы. Жастардың жан — жақты дамуын дене тәрбиесінсіз елестету мүмкін емес. Денесі жақсы дамыған деп күн режиміне спортпен жүйелі айналысуды енгізген, ағзаның шынығуы үшін табиғи факторларды тұрақты пайдаланатын, жұмысты белсенді демалыспен кезектестіріп отыратын жас адамды айтамыз.

Біздің елімізде кәсіподақтардың бірыңғай ерікті дене шынықтыру- спорт қоғамдары құрылған. Оның негізгі міндеттерінің бірі балалар мен жеткіншектердің арасында дене шынықтыру – сауықтыру және спорт жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады, өйткені дене тәрбиесінің негізі балалық және жеткіншектік жаста қаланады. Тек қана осы кезеңде дене жаттығуларымен айналысу қажеттілігі қалыптасады, дағдылар мен іскерліктер жинақталады, спортқа қызығушылық қалыптасады.

Гимнастика — дене тәрбиесі жүйесінің негізі. Дене тәрбиесі жүйесінде қандай жаттығу болсын, барлығы гимнастикалық жаттығулардың негізін құрайды. Айталық, жалпы дамыту жаттығулары — спорттың барлық түрінде, ең әуелі денені қыздыру үшін, арнаулы жаттығуды орындау үшін дайындықтан басталады. Мысалы, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы - гимнастикалық жалпы дамыту жаттығулар жиынтығынан тұрады. Міне, сондықтан да гимнастикалық жаттығулар бүкіл спорттың негізін қалайды. Гимнастика адамның дұрыс қозғалысының, күш-қуатының, сымбаттылығының, т.б. адам бойындағы барлық қабілет қасиетінің дұрыс қалыптасуының негізгі көзі, денсаулығының дұрыс қалыптасуы. Жалпы адамның адами болмысын қалыптастырады. Гимнастикамен шұғылдану деген сөз — адамның өзін-өзі тіршілікке қалыптасуға дайындауы болып табылады.

Гимнастикамен шұғылдану, негізінен екі бағытта жүреді. Біріншісі — гимнастиканың негізін қалайтын жалпы дамыту жаттығулары. Сондықтан, негізгі гимнастика деп аталады. Негізгі гимнастика барлық жаттығулардың негізгі жиынтығы болып табылады. Гигиеналық гимнастика — денсаулықты қалыптастыратын, таңертеңгілік бой жазу жаттығуларының жиынтығы, сондай-ақ өндірістік гимнастика және арнаулы емдеу гимнастикасы.

Ырғақты гимнастика — негізгі мақсаты әр адамның дене жағынан дамуына байланысты және жалпы денсаулығына байланысты шұғылданады. Жалпы дамыту жаттығуларының маңсатты түрде белгілі бір уақыт аралығында үздіксіз орындалуы.

Атлетикалық гимнастика — жалпы дамыту жаттығуларының арнаулы мақсатты түрде дене құрылысын жетілдіру үшін қолданылады. Бірақ бұл жаттығулар арнаулы гимнастикалық жабдықтармен орындалады. Айталық батпан, қосшоқпарлы батпандармен орындалатын жаттығулар болса, сондай-ақ, тренажорлық аспап-құралдарда орындалады. Атлетикалық гимнастика негізінен — жалпы дамыту мақсатында спорт ретінде де қарастырылады.

Спорттың гимнастика — бірнеше жекелеген спорт жаттығуларынан тұрады. Бұл жаттығулар жекеленген спорт түрі болып есептеледі. Ерлердің жабдықтары — керме, шығыршық, қоссырық, кіші және үлкен ағаш ат және еркін жаттығу. Әйелдердің жабдықтары — бөрене, үлкен ағаш ат, әр түрлі биіктегі қоссырық және еркін жаттығу.

Спорттың акробатика — жұптасып және топтасып орындалатын акробатикалық жаттығулар. Гимнастиканың бір түрі ретінде қаралатын аса күрделі жаттығу.

Көркем гимнастикамен әйелдер шұғылданады. Жалпы көркем гимнастикасының орындалуы би қозғалысына негізделген, қолда әр түрлі құрал-жабдықтарды ұстап жүріп немесе лақтыра отырып, сол құралдың қозғалысымен бірге билеп жүріп орындалады.

Ең әуелі гимнастика сабағы басталмас бұрын, сабақтың қауіпсіздік ережесін үйрену керек. Мұғалімнің тұжырымдамасымен орындалады. Гимнастикамен арнаулы шұғылданушы өзі сақтана жүріп, спортпен шұғылданудың жалпы ережесін білуі керек. Содан кейін, әріптесін сақтандыра білуі керек. Мұны орындау әр спортшының міндеті.

Жеңіл атлетика — бүгінгі таңда тек біздің елде ғана емес, дүние жүзінде кең таралған спорт түрі. Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығулары — тегіс жерде жүгіру, бедерлі жерде жүгіру, жүру, кедергілермен жүгіру, ұзындыққа және биіктікке секіру, лақтыру, жеңіл атлетикалық көпсайыс.

Жүгіру — қысқа, орташа және ұзақ қашықтық болып үшке бөлінеді. Қысқа қашықтыққа — 100, 200, 400 м және 110 м кедергілі қашықтық жатады. Орташа қашықтыққа 800, 1000, 1500, 2000, 3000 м жүгіру және 3000 м кедергілі қашықтыққа жүгіру жатады. Ұзақ қашықтыққа — 5000, 10000, 20000, 42 шақырым 192 м марафондық қашықтық және 50 шақырым кросс (дала жарысы) жатады.

Жүру — 20 шақырым спорттық жүріс. Лақтыру — диск, найза, граната, балға, доп және ядро. Секіру — орында тұрып және жүгіріп келіп ұзындыққа секіру, биіктікке және сырықпен секіру, үш аттап секіру.

Жеңіл атлетикалық көпсайыс — көпсайыс құрамына жеңіл атлетиканың

жаттығуынан 10 жаттығуға дейін кіреді. Олар — жүгіру, секіру, лақтыру және кедергілерден өту.

Сөре және мәре. Жарыс барысында сөреден шығу үшін жүгіруші төменгі және биік сөре жағдайында тұрады. Қысқа қашықтыққа жүгіргенде төменгі сөре жағдайында тұрады. Орта және ұзын қашықтыққа жүгіргенде биік сөре жағдайында тұрады. Төменгі және биік сөреде жүгіріп шығу әдіс-тәсілін студенттер мектеп бағдарламасынан оқып кеткендіктен, оған қайтадан оралмадық.

Жеңіл атлетиканың негізгі жаттығуы — жүгіру. Ол жеңіл атлетиканың барлық жаттығуларында қолданады. Сондықтан, кім болсын, жеңіл атлетикамен шұғылданғанда, ең алдымен жүгірудің айла-тәсілін меңгеруі керек.

Жүру. Адам баласының табиғи жүруі бар. Екінші — жүрудің спорттық түрі бар. Әрине, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей. Спорттық жүрістің негізгі ережесі, әрбір аттаған сайын, яғни, алдыға аттаған аяқтың өкшесі жерге тимейінше итерілетін аяқты жерден көтеруге болмайды. Демек, адамның екі аяғы да жерге тимейтіндей көтеріліп кететін фазасы болмауы керек. Бұл жағдайға кез келген спортшы қалыптасып үйрене бермейді. Табиғи жүрісте көтеріліп кететін фазасы болады. Яғни, жүгірудің алғы шарты орындалады. Спорттың жүріспен жарысқа қатысқан спортшы жүгіріп кетпес үшін көтеріліп кететін фазасын төрешілер мұқият қадағалайды.

Әдетте, жүгірудің әдісін білетін спортшылар төменгі сөреден шығудың әдісін жақсы меңгерген болса, жылдамдықтан көп ұтады. Бұл деген жүгіріс әдісін меңгерді деген сөз. Ал жоғарғы сөре жүгіріс әдіс-тәсілін меңгеруге айтарлықтай әсер ете қоймайды. Бірақ орта және ұзақ қашықтыққа жүгіргенде аяқты көтеріп алып, алға соза басудың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, біреу қысқа адымдайды, енді біреу жүгіргенде адымын ашады. Жүгірушінің жылдамдығы, міне, негізінен осы жағдайдың орындалуына байланысты.

28.01.2022 ж. № 000044


Санды көбейтіндіге көбейту және бөлу

ИБАТОВА КЛАРА ИШАНБАЕВНА

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы №18 жалпы
білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Педагогтің аты-жөні				
Күні:				
Сынып:	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:		
Сабақтың тақырыбы	Санды көбейтіндіге көбейту және бөлу			
Оқу бағдарлама сына сәйкес оқыту мақсаттары	4.1.2.9 санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу мен көбейту ережелерін қолдану.			
Сабақтың барысы.				
Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Мен ақылды баламын» әр бала өздерінің жақсы қасиеттерін атап, қалай өсіп келе жатқандарын айтады. Мыс: Мен Балнұр, балдай тәтті үйдің еркесімін. Мен Асқар, барлығынан біліміммен барлығынан асып түссем деймін т.б. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (қуаныш, немқұрайлылық,	Психологиялық ахуалға берілген тақпақтарды дауыстап айтып, тілді жаттықтыру және жаңа сабаққа назар аудару. 		

	шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, р ахаттану, алаңдау) Жұмыс ережесін келісу ☞ Сабақта бір- бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! ☞ Уақытты үнемдейміз! ☞ Нақты, дәл жауап береміз! ☞ Сабақта өзіміздің шапшаңдығымыз ды, тапқырлығымыз ы көрсетеміз! ☞ Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ұжымда) 1 тапсырма Санды көбейтіндіге көбейтудің әртүрлі тәсілдерін есіңе түсір. Ұлы Жібек жолы көптеген ғасырлар бойы Еуропа мен Азияның мәдениеті мен өркениетінің ұштасуын қамтамасыз етті. Түйелерді әртүрлі тәсілдермен сана. Жауабы: түйелердің саны	береді, жұмысты берілген түріне қарай орындайды.		
--	---	---	--	--

Ортасы	2 тапсырма Өрнектердің мәндерін тап. Оларды есу ретімен орналастыр. Сонда сен Ұлы Жібек жолы өткен кейбір елдердің атауын білетін боласың. <table><tr><td>Қ</td><td>А</td><td>Н</td><td>А</td><td>С</td></tr><tr><td>4 · 25 · 9</td><td>50 · 4 · 9</td><td>35 · 9 · 200</td><td>6 · 25 · 400</td><td>60 · 8 · 50</td></tr><tr><td>Қ</td><td>А</td><td>Т</td><td>З</td><td></td></tr><tr><td>400 · 9 · 5</td><td>15 · 7 · 60</td><td>500 · 3 · 20</td><td>50 · 24 · 2</td><td></td></tr><tr><td>А</td><td>Р</td><td>Н</td><td>И</td><td></td></tr><tr><td>600 · 5 · 8</td><td>25 · 14 · 40</td><td>35 · 8 · 200</td><td>8 · 50 · 12</td><td></td></tr><tr><td>Ы</td><td>А</td><td>Й</td><td>Т</td><td>Қ</td></tr><tr><td>60 · 100 · 3</td><td>45 · 9 · 200</td><td>190 · 200 · 5</td><td>75 · 2 · 200</td><td>250 · 3 · 20</td></tr></table> Жауабы: _____ Есептер 3 тапсырма Есептеудің әртүрлі тәсілдерін түсіндір. 48 : (2 · 3) = 48 : 6 64 : (4 · 2) = 64 : 8 48 : (2 · 3) = (48 : 2) : 3 64 : (4 · 2) = (64 : 4) : 2 48 : (2 · 3) = (48 : 3) : 2 64 : (4 · 2) = (64 : 2) : 4 Жауапты тексеру 4 тапсырма Тиімді тәсілмен есепте. Сандар сыныптары арасында бос орын қалдыруды ұмытпаңыз. 4 · 28 · 25 = _____ 25 · (8 · 4) = _____ 25 · 29 · 4 · 3 = _____ 15 · (9 · 4) = _____ 15 · (2 · 3) = _____ 59 · (2 · 5) = _____ 36 · (25 · 4) = _____ 54 · (5 · 2) = _____ Жауапты тексеру Дескрипторы: -санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу мен көбейту ережелерін білетін болады. -санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу мен көбейту ережелерін есептеулерді ыңғайландыру үшін қолдануды білетін болады.	Қ	А	Н	А	С	4 · 25 · 9	50 · 4 · 9	35 · 9 · 200	6 · 25 · 400	60 · 8 · 50	Қ	А	Т	З		400 · 9 · 5	15 · 7 · 60	500 · 3 · 20	50 · 24 · 2		А	Р	Н	И		600 · 5 · 8	25 · 14 · 40	35 · 8 · 200	8 · 50 · 12		Ы	А	Й	Т	Қ	60 · 100 · 3	45 · 9 · 200	190 · 200 · 5	75 · 2 · 200	250 · 3 · 20	Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау «Қар кесегі» Бір оқушы тақырып бойынша бір тұжырым айтады.	ҚБ: Отшаш у арқылы бір-бірін бағалау.  ҚБ: Бағдар шам көздері арқылы бір-бірін бағалау. 	Оқылым, жазылым тапсырмалары.
Қ	А	Н	А	С																																								
4 · 25 · 9	50 · 4 · 9	35 · 9 · 200	6 · 25 · 400	60 · 8 · 50																																								
Қ	А	Т	З																																									
400 · 9 · 5	15 · 7 · 60	500 · 3 · 20	50 · 24 · 2																																									
А	Р	Н	И																																									
600 · 5 · 8	25 · 14 · 40	35 · 8 · 200	8 · 50 · 12																																									
Ы	А	Й	Т	Қ																																								
60 · 100 · 3	45 · 9 · 200	190 · 200 · 5	75 · 2 · 200	250 · 3 · 20																																								

	-санды қосындыға көбейту, санды көбейтіндіге бөлу мен көбейту ережелерін есептеулерді әртүрлі тәсілмен шығару үшін қолдануды білетін болады.			
Соңы	Жаңа білім мен тәжірибені қолдану. Ойтолғаныс кезеңі. Шығармашылық жұмыс 8 тапсырма Есептеудің қызықты тәсіліне қара. Санды 5-ке бөлу үшін, бөлінгішті екі есе арттырып, бір нөлді алып тастау керек. Мысал: $135 : 5 = (135 \cdot 2) : 10 = 27$. Есепте. $165 : 5$ $825 : 5$ $125 : 5$ $360 : 5$ $465 : 5$ $315 : 5$ Есептеудің дұрыстығын калькулятордың көмегімен тексер Сен зерттеушісің 9 тапсырма Ойлан және жауап бер. Үш саяхатшы өзен арқылы өтіп, саяхаттарын жалғастырмақ болды. Өзен терең және одан өтетін көпір болмады. Өзен жағасында екі	Сабақты пысық тау тапсырмаларын орындау..	ҚБ: Бас бармақ арқылы бір-бірін бағалау. 	Топтық тапсырмалар.

	бала отырған қайық тұрды. Саяхатшылар балалардан өздерін өзеннің арғы бетіне өткізулерін сұрады. Қайыққа бір саяхатшы ғана немесе екі бала сыяды. Ал саяхатшы мен бала екеуі сыймайды. Саяхатшыларды өзеннен өткізу алгоритмін құр. Саяхатшыларды арғы бетке өткізу үшін неше рет қатынау керек? Бір рет қатынауға қайықтың бір бағыттағы қозғалысын санауға болады. Жауабы: . Рефлексия (жеке,жұпта,топта,ұжымда)			
Кері байланыс	«Білім сандығы» кері байланыс. 	Оқушыларға «Білім сандығы» кері байланыс парағы таратылады. Оқушылар өздері белгілейді.	«Білім сандығы»	Кері байланыс парағы.

28.01.2022 ж. № 000045

Құрлық суларының экологиялық проблемалары



ДЖАЛГАСБАЕВА МАХАББАТ ГАЛЫМКЫЗЫ


Жаңаөзен қаласы, Маңғыстау облысы, №18 жалпы

білім беретін мектеп, география пәні мұғалімі

Ұзақ мерзімдік жоспардағы тарау: 2.1. Физикалық география. Бөлім: 3.3 Гидросфера Күні: Сынып: 8 Мектеп: Мұғалімнің аты жөні:	
Сабақтың тақырыбы	Құрлық суларының экологиялық проблемалары.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	8.3.3.5 құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады (жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде).
Сабақтың мақсаты	Құрлық суларының ластану түрлерін білу Құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну
Бағалау критерийі	Құрлық суларының экологиялық проблемаларын жіктейді; Туындаған мәселелердің себебін анықтайды; Салдарына дәлелдер келтіреді; Мәселенің шығу жолдарын ұсынады; Қорытынды жасайды.
Тілдік мақсаттар	Құрлық суларының экологиялық мәселелерді ауызша сипаттайды, себебін анықтап, салдарына дәлел келтіреді, шығу жолдарын ұсынады, қорытынды жасайды. Пәнге тән лексика және терминология: Ластану түрлері, су ресурстарын қайта тазалау, трансшекаралық, экологиялық апаттар, т.б. Диалогқа және жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Құрлық суларының экологиялық проблемаларын түрлерге жіктеймін. Құрлық суларының экологиялық проблемаларының шешу жолдарын

	 ұсынамын.	
Құндылықтарға баулу	Жаһандық азаматтық қағидаларын насихаттау, сумен байланысты апат түрлерінің зардаптарын түсіну, орын алған жағдайдағы іс –әрекеттерді қадағалаудың маңыздылығын ұғындыру, үйрету.	
Пәнаралық байланыс	Химия,экология	
АКТ-құндылықтары	АКТ мүмкіндіктерін пайдалана отырып, оқушылардың білімін толықтыру үшін сілтемелер беріледі. Сілтемелер: 1. Арал теңізі туралы https://www.youtube.com/watch?v=nAuTWxbyjFA 2. Судың ластануы https://www.youtube.com/watch?v=amyOP9YQRBQ	
Алдыңғы білім		
Сабақтың барысы		
Жоспарланған уақыттар	Жоспарланатын шаралар	Ресурстар
Сабақтың басы	Амандасу. Қолайлы орта қалыптастыру. Топқа бөлу. Тірек сөздер ақылы /Экология, ластану, тұщы су/ Оқушылар тірек сөздері туралы ойтүйін жасайды Суретті сөйлет Интертакта арқылы суреттер беріледі,сол суретке қарап, оқушылар өз пікірлерін айтады Сабақ тақырыбын болжау. Сабақтың тақырыбы мен оқу мақсатымен таныстыру. Тақырыпқа қатысты терминдермен жұмыс. Бағалау критерийлерімен таныстыру	АКТ көрсетілім
	(Т)	

Сабақ ортасы	1- кұрлық суларының экологиялық проблемалары 2-су ресурстарын қайта тазалау түрлері 3- Арал теңізінің тартылуы «Фишбоун» әдісі арқылы талдау / 15 минут/. Қорғау: 3минут x 4 топ = 12 минут. “Фишбоун” әдісі (Оқушылар жаңа сабақты өз беттерімен оқиды, талқылайды, қорғайды)  Бағалау түрі: өзара бағалау жүреді, мұғалімнің қадағалауымен. Қалыптастырушы бағалау Суретте Арал теңізі көлемінің жылдар бойынша өзгерісі берілген. Теңіз көлемінің өзгеруіне әсер еткен негізгі факторды анықтаңыз.  Қандай экологиялық проблемалар туындағанын жазыңыз. • Қазіргі уақытта Арал теңізін қалпына келтіру туралы мемлекет тарапынан жасалып жатқан шараларды қысқаша сипаттаңыз. • Проблеманы шешу жолдарын ұсыныңыз. Дескриптор <i>Білім алушы</i>	АҚТ көрсетілім Екі жұлдыз, бір тілек А4 қағазы, маркер, постер, АКТ мүмкіндігі Таратпа материалдар. Критериалды бағалау
---------------------	---	---

	– теңіз көлемінің өзгеруіне әсер еткен негізгі факторларды; – экологиялық проблемаларды сипаттайды; – мемлекет тарапынан жасалған игі шараларды; – проблеманы шешу жолдарын ұсынады.	
Сабақ соңы	«Әліпби желісі» бойынша оқушылар бүгінгі өткен тақырып туралы кері байланыс береді. Оқушылар сабақ барысына рефлексия береді. РЕФЛЕКСИЯ НЫСАН  Үйге тапсырма: Қазақстандағы жер асты суларының экологиялық проблемаларын талдаңыз. 1. Қазақстанның жер асты суларына бай аймақтарын анықтаңыздар. 2. Жер асты суларының ластану себептерін жазыңыз. 3. Ластануының салдарын жазыңыз. 4. Ластанудан қорғау шараларына 3 ұсыныс жасаңыз.	АҚТ көрсетілім Таратпа материал дар. АҚТ көрсетілім
Қосымша ақпарат		
Бөліп оқыту – Көбірек қолдау көрсету үшін сіз не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай күрделі тапсырма бересіз?.	Бағалау – Оқушылардың білімін қалай тексересіз?	Қауіпсіздік ережелері және денсаулықты сақтау
Сабақ барысында барлық тапсырмалар дифференциацияланған реттілікпен беріліп отырады.	Сабақ үзілістерінде дене қимыл жаттығулары ұйымдастырылады.	

Ой толғау Сабақ мақсаттары: Оқыту мақсаттары шынайы болды ма? Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды? Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?	Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты деген сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз.
Жиынтық бағалау Сабақтың қандай екі сәті сәтті өтті (оқуды да, оқытуды да қарастырғанда)? 1: 2: Сабақтың тиімділігін қандай екі жағдай жақстар еді (оқуды да, оқытуды да қарастырғанда)? 1: 2:	

29.01.2022 ж. № 000047

Білім мазмұнын жаңарту аясында математика пәнін оқыту

ЭРГАШЕВА ДИЛИРАЪНО ШАВКАТОВНА

*Шымкент қаласы Сайрам ауданы «Ибрагим Ата» жалпы
орта мектебінің математика пәні мұғалімі*

Оқушыларға математика білімінің қыр-сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, кез-келген ортада өзін еркін ұстауға, Қазақстан Республикасының азаматы деген атқа лайық болатындай етіп тәрбиелеу – біздің міндетіміз болмақ. Осы орайда оқушылардың білім деңгейін арттыру – маңызды іс. Бұл мәселе көптеген жылдар бойы қарастырылып келе жатыр. Математиканың қиындығына, күрделілігіне қарамастан, болашақ ұрпақты осы пәнге қызықтыру, білім деңгейін көтеру біз үшін орасан зор жауапкершілікті қажет ететін оқыту әдісі болуы тиіс.

Ұстаздың әрбір қылығы оқушыға әсер қалдырып, оның ары қарай жетілуіне ықпал ететіні бәрімізге белгілі. Мұғалім – оқушы атаулыға үлгі болатын өмірінің сан алуан жолынан адаспай өтуде оған бағыт беріп, жөн сілтеуші, баланы адамгершілікке, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа және басқа да сол сияқты ізгі қасиеттерге баулитын жан.

Қазіргі заманымызда оқушының білім деңгейін көтеру мәселесі ең басты мәселелердің бірі болып отыр. Оқушының білім деңгейін көтерудегі басты тұлға – ұстаз екені бәрімізге белгілі.

Оқушының білім деңгейін көтеру дегеніміз – оқушыны жан-жақты тәрбиелеп, ғылым негіздерінен берік білім беру, болашақ қоғамға пайдалы қызмет ететін азамат етіп шығару. Оқушының бойындағы білімін ары қарай тереңдетіп, жетілдіре түсу.

Оқушының білім деңгейін көтерудегі мұғалімнің іс-әрекеті деген не?- деген сұраққа жауап іздеп көрейік.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу барысында біз ең алдымен «іс-әрекет» дегеніміз не деген сұраққа жауап іздедік. Оқушылардың білім деңгейін арттырудағы мұғалімнің іс-әрекеті дегеніміз – оқушының білімін жетілдірудегі, түрлі қажеттерді өтеуге байланысты белгілі мақсатқа жетуге бағытталған процессті айтамыз. Яғни мұғалімнің сабақ үстінде оқушыға білім беру мақсатымен жүргізілетін жұмыс түрлері. Оқушылардың білім деңгейін арттырудың жолдарына тоқтала кетейік.

Ауызша есептеуге үйрету тәсілдері.

5 сынып математикасын оқыту үрдісінде есепті шығара білу шеберлігін қалыптастыру, жетілдіру және дамытудың шешуші бағыттарына тоқталайық.

1. Есеп шығаруға үйрету – математиканы оқытудағы ең қиын әрі күрделі мәселелердің бірі. Бұл балалардың шама-шарқына, психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес салыстыру, жан-жақты талдау жасау, қарама-қарсы қою. Жалпылау, түрлендіру, зерттеу, әр алуан категорияларға біріктіру, қорытындылау, абстракциялау сияқты түрліше меңгеруіне байланысты бірдей дәрежеде орындала бермейді.
2. Балалардың топтық, өзіндік ерекшеліктері қабілет деңгейлерінің әр түрлілігіне байланысты, олардың бәрінен де бір тарақтың жүзінен шыққандай есепті шығара білуге біркелкі үйренеді деуге болмайды.
3. Есеп шығаруға үйрету алғашқы сабақтардың өзінде-ақ басталып, сынып ілгерілген сайын бірте-бірте сәйкес шеберлік те қалыптаса бастайды. Ауызша есептеуге үйрету бастауыш сыныптан басталатыны бәрімізге мәлім. Ол уақыт үнемдеу тұрғысынан тиімді. Бір ғана мысалдың нәтижесін бірнеше тәсілмен есептегенде берілетін түсіндірмелер, аралық нәтижелердің қалай шығатыны, ақтық нәтижеде не болатыны ауызша айтылады да, оларды жазуға уақыт жұмсалмайды. Оған қоса қай тәсілді қолдану оқушының өз еркінде болғанымен, олардың барынша тиімдісін іріктеп алуды үйретуге де мүмкіндік мол.

Математика сабағында ауызша есептеу дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын жүргізудің маңызы зор. Сабақта оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін есеп шығарғанда орындайтын амалдарды ойша шешіп алуды дағдыландырған жөн.

5 сыныпта математиканы оқыту тек математикалық білімді берумен шектелмейді. Бұл пән оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда маңызы өте зор. Оқушылардың ойлау процесінің нақтылығын, тереңдігін анықтау үшін олардың белсенді іс-әрекетімен бірге өз бетінше жұмысын ұйымдастыру керек.

Оқушылардың сабақта өздігінен орындайтын жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін математика кабинеттерінде дидактикалық материалды, үлестірмелі материалдар, баспа негіздегі дәптерлер, тағы басқа оқу құралдары жинастырылуы қажет. Дегенмен оқушыларға оқулықпен жұмыс істеуді үйретудің орны ерекше. Барлық ғылыми-техникалық білімнің көзі – кітапқа, оның ішінде оқулыққа оқушылардың сүйіспеншілігі мен құрметін арттыру, олармен өздігінен жұмыс істеуді үйрету мұғалімнің басты міндетінің бірі. Әр сынып оқулықтары қажетіне орай орындалуға тиісті жаттығулармен, есептермен, практикалық тапсырмалармен, суреттермен қамтамасыз етілген. Өздігінен жұмыс істеуді оқушылардың сабақ үстіндегі қызметіне енгізу сабақтың құрылымына да, элементтеріне де әсерін тигізеді.

Балалардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формада болса да ескерілуі тиіс. Мұғалім тапсырманың орындалуын қарап шығуға уақыт бөлуі және өз бағасын айтып, жақсы жұмыстарды атап көрсетіп, қатесін табуға көмектесуі тиіс.

Мектеп оқушыларының өз бетінше жұмыстарын ұйымдастырудың басты формасы – жұмыстарды орындау, ептілік, іскерлік, шеберлік дағдысын дамыту. Бұл үшін төмендегідей тиісті талаптарды орындауға тура келеді:

1. Өз бетінше істелетін кез-келген жұмыстың нақты мақсаты болу керек. Әрбір оқушы жұмыстың орындалу тәртібін жетік білу керек.
2. Өз бетінше жұмыс оқушылардың бойындағы танымдық қабілетін, творчестволық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.
3. Жұмыстың мазмұны оқушының қызығуын, талпынысын оята білуі тиіс. Яғни оның тілегі жұмыстың соңына дейін бәсендемейтіндей болуы керек.
4. Өз бетінше жұмысты оқушылар еңбек дағдылары мен әдістерін жетік игеріп түсетіндей етіп ұйымдастыру қажет.

Қорыта келгенде, оқушылардың өз бетімен орындайтын жұмыстары: карточкалар, өздік жұмыстар, есептер шығарту, кестелер толтыру арқылы жүзеге асады. Тоқсандық бақылау, өздік 5-10 минуттық бақылау жұмыстары жүргізіледі.

Көрнекі түрде оқыту – оқушылардың тиісті бақылауларына сүйеніп оқыту, бірақ көрнекі оқыту дегенді тек көрнекі құралдарды пайдаланып отыру деп түсінбеу керек. Көрнекілік әдісімен оқу – оқушыларды өз бетінше байқауға үйретуге негізделеді. Себебі қандай нәрсені болса да қабылдағанда сезім мүшелеріміз неғұрлым көбірек қатынасса зат және құбылыс жөніндегі қабылданбаған ұғым, түсінік есіңізге соғұрлым берік, тиянақты есте сақталады.

Сондықтан сабақта көзбен көру, дыбыс органымен айту, қолмен жазу, тағы басқа сезім мүшелерінің белсенді қатысуы тиіс. Көрнекілікті қолдану оқушылардың білім сапасын арттырады, көрнекі құралды пайдалана отырып, мұғалімнің жетегімен, оқушылар өздігінен оңай қорытындылар жасай алады. Көрнекі құралдар арқылы балалар амалдың идеясын да түсінетін болады, мысалы, тәрелкедегі сүтті жалап жатқан екі мысыққа үшінші бір мысық жүгіріп келе жатқанын көргенде, бала барлығы неше мысық деген сұрауға жауап беру үшін, 2+1 керек деген ой келеді.

Көрнекілік математика сабағында білім көзі ретінде қолданылған, ол елеулі мәселеде берілетін білімдерді нақтылау мақсатында көрнекі құралдар да түрлі тәсілдермен қолданылады.

Оқушылар сабақта, ойын үстінде, ойлау, өлшеу, есептеу, табу, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Оларды ұштап, жетілдіріп отыру мұғалімнің міндеті деп білеміз. Бастауыш сыныптарда математика пәнін оқытуда баланың ой-өрісін дамытып, бағдарламада өтілген негізгі материалдарды практикада қолдана білуіне, оқушылардың сабаққа деген ынта-ықыласын арттыруына, өткен материалды өз мәнінде толық игеруіне мүмкіндік жасайтын тәсілдердің ішінде дидактикалық ойынның мәні зор. Сабақта өтілген материалға сәйкес дұрыс жүргізілген дидактикалық ойындар оқушылардың сабаққа

қызығушылығын, белсенділігін арттырып, тақырыпты дұрыс меңгеруіне ықпал тигізеді.

Біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту.
7. Білім берудегі басқару және көшбасшылық.

Математика – ұлы ғылым, адам ақылының ең бір асыл қабілеттерінің тамаша жемісі. Шәкірттерді білім нәрімен сусындататын, өмірдің асулары мен шыңдарына қажымай-талмай шығуына алғашқы жол нұсқаушысы – ұстазы. Ахмет Байтұрсыновтың «Ұстаз үздіксіз ізденгенде ғана, шәкірт жанына нұр құя алады», – деген сөзі ізденімпаз, жаңаша ұстаздарға арналғандай. Мұны әрбір мұғалім жадында сақтауы тиіс .

27.01.2022 ж. ж № 000027

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КӨРКЕМ ЕҢБЕК ПӘНІНІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

БОКЕНТАЙ БАҒДАРГУЛ

Алматы қаласы Алатау ауданы «№182 ЖББМ» КММ

Көркем еңбек пәні мұғалімі

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Көркем еңбек пәні арқылы әлемді эстетикалық және рухани түрде меңгеруге және тұлғаның өз ойын білдірудің бір тәсілі болып табылады. «Көркем еңбек» пәні оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, кеңістік-образдық ойлауын, рухани-адамгершілік құндылықтарын, қоршаған ортаны эстетикалық, эмоционалдық түрде қабылдауларын қалыптастыруға бағытталған. Түрлі өнер салалары бойынша көркем білімдер мен дағдыларды қалыптастыру, әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, оқушылардың көркемдік қабілеттерін, кеңістікті және көру арқылы қабылдауларын, елесті, есте сақтау, зейін мен қиялды дамытуға негіз болып табылады. Көркем және басқа түрлі материалдар, құралдары мен тәсілдерін қолдану оқушылардың сенсорикасын, қолдың моторикасын және көзбен нақты мөлшерлеуін дамытады.

Көркем еңбек – бұл көзбен көретін нысандарға қатысты, яғни «визуалды қарым-қатынас тілі» түсінігін дамытатын бастапқы көру әдісі. Оқушыларға мұның не екені, әртүрлі көркемдік үдерістер арқылы көру элементтерін дамыта отырып, оны қалай қолдануға болатыны туралы мәліметтер берілуі тиіс. Саутвиктің (2009) пікірі бойынша, «біз қазір түйсініп қабылдау туралы сөз етіп отырған жоқпыз: біз көру арқылы көркемдік тұрғыдан қабылдауды үйретуге тырысудамыз» (28-б.).

Әр пәннің оқу бағдарламаларында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сол сияқты оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

Көп тілді оқу ортасын құрудағы әр пән қосқан үлесі үш тілде білім беру саясатын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Тіл үйретудің негізі болып табылатын коммуникативтік тәсілдеме әрбір оқу пәнінің түрлі оқу жағдаяттарында білім және білікпен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс қолдану сияқты әдіс-тәсілдері арқылы оқушылардың сөйлеу әрекеттерін дамытудың жетекші қағидаты ретінде қарастырылады.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу үдерісінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Көркем еңбек пәніне оқушылардың уәжін арттыру үшін не істеу қажет? Жаңартылған бағдарлама негізінде оқушылардың жалпы білімге деген ынтасын арттыру тек негізгі пәндер арқылы ғана емес, сонымен бірге музыка және бейнелеу өнері сияқты пәндер негізінде де жүзеге асырылуы керек екенін көріп отырмыз.

Мектеп оқушыларының көркем еңбек арқылы танымдық іс-әрекеттерін арттырудың маңызы жоғары болып табылады. Олардың кеңістіктегі заттарды көре алуы мен ойлауын дамыту бүкіл дүниетанымын қалыптастыруға ықпал жасай алуы керек. Оқушыларға білім мен тәрбие беруде бейнелеу өнерінің оқуға қызығушылықтарын арттырудағы рөлі ерекше екенін байқауға болады. Олардың оқуға деген қызығушылықтары артып қана қоймай, алған білімдерін іс-әрекетте, рухани өмірде, қоғамдық қатынастарда қолдана алады деп ойлаймын. Сол себепті де осы көркем еңбек сабағында іске асқан іс-әрекеттердің бәрі дерлік тұлғаның барлық қажетті сапаларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Көркем еңбек» пәнінің маңызы

«Меніңше, білім беру аясындағы бейнелеу өнерінің басты құндылығы оның адамның тәжірибесін байытып, өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға қосатын үлесінде. «Көркем еңбек» пәні адам санасының білімнің басқа салалары қамтымайтын қырларына қатысты: визуалды нысанды эстетикалық қабылдау».

«Көркем еңбек» пәні бағдарламасы:

- өнер түрлерін кіріктіру арқылы пәндік білімдерін, дағдылары мен түсінігін дамытуға;
- ұлттық және әлемдік көркем мәдениеттегі өнерінің шығармаларымен таныстыру арқылы адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға;
- көркем-шығармашылық пен кеңістік ойлау, адамгершілік-эстетикалық сезімдерін визуалды және тактильді өнер тілдері арқылы қоршаған әлемге өз көзқарасын білдіру қажеттігін қалыптастыруға;
- еңбекті жоспарлау және ұйымдастыру дағдыларының дамуы мен алғашқы

технологиялық білімдердің қалыптасуына;

- сенсориканың, қолдың моторикасының, байқағыштықтың, елестетудің, қиял мен шығармашылықтың дамуына;
- оқушылардың визуалдық және эстетикалық қабылдаудың дамуы, көркем жұмыстарды сын тұрғысынан түсінуі үшін өнер жанрлары, стильдері туралы білімдерін қолдану;
- танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы түрлі міндеттерді дербес шешу тәжірибесінің қалыптастыруға;
- өзінің көркем жұмысын орындау үшін, акпараттың әртүрімен жұмыс жасай алу (табу, іріктеу, жинақтау) біліктілігін дамытуға;
- бірлескен шығармашылық жұмысты орындау барысында ұжыммен және топпен жұмыс істеу дағдыларын меңгеруге *бағытталған*;

Бағдарлама бойынша оқу арқылы оқушылар келесілерге қол жеткізеді:

- ұлттық және әлемдік мәдениетінің көркем өнер шығармаларын, ондағы берілген идеялар мен құндылықтарды зерттеу және талдау;
- өз жұмысын ұйымдастыра білу: мақсатын анықтау, жұмыс кезеңдерін айқындау, қажетті құралдарды табу, өз жұмысының нәтижесін бақылау және бағалай алу;
- көлемді және жазықтықтағы көркем жұмыстарды шығармашылық тұрғысынан жасау үшін алынған білім мен дағдыларды қолданады;
- зерттеу, эксперимент жүргізу барысында әртүрлі ресурс түрлерін, оның ішінде АКТ құралдарын қолдана білу;
- шығармашылық өнімді жасау үшін материалдар мен құралдарды дербес және сенімді қолдану, материал қасиеті мен жұмыс нәтижесінің ерекшелігі арасындағы байланысты түсіну;
- алған тәжірибесінің негізінде өнердегі түрлі техникалар мен тәсілдерді дербес қолдану;
- өз идеясы мен жұмысына қатысты түсініктеме беру және конструктивті ұсыныс қабылдау;
- әртүрлі жағдаяттарда тиімді және бірегей шешім таба білу;
- әртүрлі материалдарды және құралдарды қолдануда қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын түйсінуге және түсіну.

Шығармашылық процесс шексіз. Идеяларды зерттеу және дамыту, құру және орындау, қайта қарастыру, талдау және бағалау шығармашылық процестің кез келген кезеңінде жүзеге асады. Оқушылар практикалық жұмыс арқылы идеяларды зерттей алады. Идеялар оларды жасау мен орындау кезеңінде дамиды. Тұтас бөлімде, жеке сабақтар кезінде де тұрақты іске асып отыратын, жалғасатын процесс, әсіресе, шолу, талдау және бағалау болып табылады. Жекелеген оқушылардың ойлары мен пікірлерін талқылау барысында жазылып алуы мүмкін. Мұғалім, қажет жағдайда, барлық орындалған жұмыстарға, сондай-ақ ресми/бейресми көрме түрінде барлық жұмыстарға шолу жасау және таныстыру үшін оқушыларға қосымша уақыт бөледі.

Оқушылардың нәтижелерін жақсарту үшін жаңа идеялармен тәжірибелер жүргізу, оларды дамыту, түрлі әдістерді қолдану үшін мұғалім тарапынан икемділік қажет. Өздерінің өткен бөлімдер бойынша жасаған жұмыстарын жылдың басынан тоқсанның соңына дейін шолу жасау мүмкіндігі бар оқушылар игерген процестерді, әдістер мен материалдарды өз жұмыстарын жетілдіру үшін пайдалана алады. «Көркем еңбек» пәні бойынша білім беру бағдарламасының идеяларын басшылыққа ала отырып, оқушылар өнердің кең ауқымын бағалауда өз дағдыларын жетілдіріп, адамдардың құндылықтарын, қарым-қатынастары мен арман-қиялдарын бейнелеу өнері арқылы бейнелеуге болатыны туралы түсініктерін кеңейтеді. Олар өздерінің көркемдік дағдыларын дамытып, шығармашылық шешімдерге жетелейтін өнер туындыларын жасауға қажетті мүмкіндіктерін арттырып, өздерінің көркем туындыларын дүниеге әкелуді жоспарлай білу қабілетін жетілдіретін болады. «Көркем еңбек» пәні үшін кез келген ықпал ету оқушылардың уәжін қолдауға, олардың білімі мен дағдыларының дамуына, өзін-өзі бағалау қабілетіне, оқу үдерісі мен нәтижесін дамыту үдерісіне сындарлы әрі сергек түрде ықпал ету маңызды болмақ (Key & Stilman, 2009).

Осындай жас ұрпаққа жан-жақты білім беруді жүзеге асыруда жаңартылған бағдарлама негізінде пәндік білімімізді арттыру өте қажетті және көп жаңалық әкеледі деп ойлаймын. Бұл курстан оқушыларға білім беруде қарапайымдылық пен пәнаралық байланыстың тығыз болуы керектігі, берілген білім оқушының білімге деген уәжін арттыру мақсатында белсенді оқу болу керектігі туралы білімді толықтырады. Соның ішінде көркем еңбектің жас ұрпақтың қалыптасуына, тәрбиесі мен білімін жетілдіруде әсері мол. Көркем еңбек пәнінде Кембридж бағдарламасы бойынша барлық жеті модульді қолдану ерекшелігі бар. Оның ішінде белсенді оқыту мен формативті бағалау оқушылардың сабаққа деген уәжін арттырудың негізі екенін байқауға болады. Сабақ барысында қарапайымнан күрделіге қарай ауысу мен тақырыптардың жеңілден басталып, кең көлемде берілетіні туралы көп айтылды.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асырып, пайдаға асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі — «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.
2. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015 жыл.
3. «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас.» Әліпбаева А.Қ.
4. Eisner, E. W. (1972), *Educating Artistic Vision*, New York: Macmillan, p.9.

МАЗМҰНЫ

- ҚУДАЙБЕРГЕНОВА ОРЫНГУЛ КУРАЛБАЙҚЫЗЫ
- ШАМУРАТОВА АҚМАРАЛ ҚАЙРҒАЛИҚЫЗЫ
- АМАНКУСОВ НУРСУЛТАН МУХТАРҰЛЫ
- ЕШҚУАТОВА АЙНУРА ОНГАЛБАЕВНА
- КУРМАНТАЕВА МЕРУЕРТ РЫСБЕКОВНА
- АЛДАБЕКОВА НАЗИРА МУЗАППАРОВНА
- ЖАЙЛАУОВ НУРСҰЛТАН МУРЗАМУДИНҰЛЫ
- ЖУНУСАЛИЕВА ЗАРИНА ЖАНИБЕКОВНА
- ХАСЕН АЙГЕРІМ САЙНҚЫЗЫ
- ЕРЕКЕШОВА ГУЛИМАЙ ИРГЕБАЕВНА
- БЕКТИЛЕУОВА НАЗГУЛЬ КУЗЕМБАЕВНА
- ИБАТОВА КЛАРА ИШАНБАЕВНА
- ДЖАЛГАСБАЕВА МАХАББАТ ГАЛЫМКЫЗЫ
- ЭРГАСHEBA ДИЛИРАЪНО ШАВКАТОВНА
- БОКЕНТАЙ БАГДАРГУЛ